



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ
Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ



КАРАГАНДИНСКАЯ АКАДЕМИЯ
МВД РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИМ. Б. БЕЙСЕНОВА

ЗАҢ ҒЫЛЫМЫН ДАМЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

*Б. Бейсеновтің 100 жылдық мерейтойына
арналған жас ғалымдардың халықаралық
ғылыми-теориялық конференциясының
материалдары*

2023 жылғы 12 сәуір

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ

*Материалы
международной научно-теоретической
конференции молодых ученых, посвященной
100-летию Б. С. Бейсенова*

12 апреля 2023 года

ҚАРАҒАНДЫ
2023
ҚАРАҒАНДА



УДК 34
ББК 67
З-22

*Қазақстан Республикасы ИМ
Б. Бейсенов атындағы
Қарағанды академиясының Ғылыми кеңесінің
шешімі бойынша басып шығарылады*

*Публикуется по решению ученого совета
Карагандинской академии
МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова*

Редакциялық алқа мүшелері: заң ғылымдарының кандидаты, доцент **Сейтжанов О. Т.**; гуманитарлық ғылымдар магистрі **Монай Қ.**; **Шаухар Д. Қ.**; заң ғылымдарының магистрі **Құсайынов Ж. Ш.**

Редакционная коллегия: кандидат юридических наук доцент **Сейтжанов О. Т.**; магистр гуманитарных наук **Монай Қ.**; **Шаухар Д. Қ.**; магистр юридических наук **Кусаинов Ж. Ш.**

3-22 «**Заң ғылымын дамытудың заманауи үрдістері**»: Б.С. Бейсеновтің 100 жылдық мерейтойына арналған жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-теориялық конф. мат-ры / Заң ғылымдарының кандидаты, доцент А. Дәрменовтің жалпы редакциясымен. — Қарағанды: Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2023. — 168 б. = «**Современные тенденции развития юридической науки**»: Мат-лы международ. науч.-теорет. конф. молодых ученых, посвященной 100-летию Б.С. Бейсенова / Под общ. ред. канд. юрид. наук доцента А. Дарменова. — Караганда: Карагандинская академия МВД Республики Казахстан им. Б. Бейсенова, 2023. — 168 с.

ISBN 978-601-7499-47-1

«**Заң ғылымын дамытудың заманауи үрдістері**» Б.С. Бейсеновтің 100 жылдық мерейтойына арналған жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдарынан тұрады. Форумның жұмысына Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының және Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының басқа да жоғары оқу орындарының жас ғалымдары, құқық қорғау органдарының практикалық қызметкерлері қатысты.

Жиінек жоғары оқу орындарының оқытушыларына, докторанттарына, магистранттарына, курсанттарына (студенттеріне) арналған.

Издание содержит материалы международной научно-теоретической конференции молодых ученых «**Современные тенденции развития юридической науки**», посвященной 100-летию Б. С. Бейсенова. В работе форума приняли участие молодые ученые Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова, других вузов Республики Казахстан, Российской Федерации, Республик Узбекистан, практические работники правоохранительных органов.

Сборник адресован преподавателям, докторантам, магистрантам, курсантам (студентам) высших учебных заведений.

ISBN 978-601-7499-47-1

УДК 34
ББК 67

I.
**ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУЫ:
МӘСЕЛелЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ**

•
**РАЗВИТИЕ ЮРИДИЧЕСКОЙ НАУКИ:
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

Абиев Е.С.,

*жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі
(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті)*

**Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғам:
теориялық және тәжірибиелік аспектілері**

Қазақстан Республикасындағы саяси өмірдің заманауи үрдісінде, азаматтық қоғам туралы көп ойлар мен ғылыми көзқарастар айтылатындығы ақиқат. Азаматтық қоғам жайлы түсініктің жай-күйі, азаматтық қоғам ұғымының өзі кеңестік кезеңде отандық теориялық тұрғыда заң білімінен алынып тасталып, ондаған жылдар бойы өзіндік орнын қалыптастырып келе жатқаны мәлім. Бұған қарамастан азаматтық қоғам ғылыми және саяси өмірдің айналымына еніп отыр, бірақ бұл белгілі бір айқындалған мәре ретінде, яғни пір тұтатын затқа айналмауы тиіс екендігін ескерген жөн. «Дамыған азаматтық қоғамсыз, демократиялық мемлекетті қалыптастыру мүмкін емес»^{1,168} — деген тұжырымдаманың шындық бейнесін жай ғана қабылдап қоймай, оның өзіндік ақиқатына жету қажет.

Сол үшін де отандық мемлекет және құқық теориясы, сондай-ақ осы ұғымның пайда болу бастауларына негіз болатын, бастапқы мазмұнына жүгінген жөн. Бірақ, өкінішке орай, мемлекет пен құқықтың мәжбүрлеуші сипаттары да бар екендігі ақиқат. Бұл тұста, Гегельдің аса бай теориялық-құқықтық мұрасын сыртқа қалдырып, одан философиялық ойларды ғана алуға болады, оның өзінде де, қоғамды коммунистік жарылқаушы қоғам етіп өзгертумен үндес келетін ойлар, диалектикалық логиканы ғана жетілдіре алды.

«Азаматтық қоғам» ұғымы Аристотель полисінің ойларына, табиғи құқық ойларына апарды. Қоғамның мүшесі болу, азамат болу — мемлекеттің мүшесі болуды, сол арқылы оның заңдарына сәйкес өзге азаматтарға зиян келтірместен, міндетті болуды және әрекет етуді білдірген болар еді. Аристотельдің пікірінше, мемлекетті азаматтық қоғаммен салыстыруға болмайды, олар өзара етене жақын ұғымдар, яғни азаматтық қоғамдық қатынаста мемлекет екеуінің арасын ашып қарсы қоюға да болмайтындығын көрсетеді. Себебі олардың әртүрлі жолдары ескі полистегі қоғамдық өмірде тығыз байланыста болады деп пайымдайды. Сонымен қатар жоғарыда айтылып өткендей, азаматтық қоғам жекелеген демократиялық организм ретінде тек саясатпен байланысты, яғни қағида жағынан, бұрынғы, көне полистер сияқты: мемлекеттік органдардың қызметтік мерзімі, биліктің тармақтарға жіктелуі сияқты ұғымдармен айқындалады.

Азаматтық қоғамның аса терең ой елегінен өткізілген ұғымы, жоғарыда айтылғандай, Гегель еңбектерінде, оның атақты «Құқық философиясында» көрініс тапты.

Гегель көзқарасы бойынша бұл, ең алдымен, жеке меншікке негізделген қажеттіліктер жүйесі, сонымен қатар, дін, отбасы, сословия, мемлекеттік құрылыс, құқық, мораль, борыш, мәдениет, білім беру, заңдар және одан туынайтын субъектілердің өзара заңды байланыстарының жиынтығын көрсетеді. Табиғи тұрғыда, «мәдениетті емес» жай-күйден «адамдар азаматтық қоғамға кіруі тиіс, яғни сол жағдайда ғана құқықтық қатынастар шындыққа, ақиқатқа ие болады»^{2, 32} — деп бейнеленген. Бұл ретте ол қазіргі әлемде ғана осындай қоғам болуы мүмкін деп атап көрсетті. Келесі қырынан айтар болсақ, азаматтық қоғам — жабайлыққа, дамымағандыққа, өркенетсіздікке қарсы болжанады немесе бағытталады. Бірақ бұл тұста таптық буржуазиялық қоғам ретінде түсіндіріледі.

Адам, оның қоғамдағы рөлі, функциялары, жағдайы азаматтық қоғам туралы Гегельдің ілімдерінде басты элемент болып қатысады. Гегельдік көзқарастарға сәйкес жекелеген тұлға өзі үшін және өзіндік мақсатқа жете алатын бағытта сипатталады, оның қызметі, ең алдымен, өзіндік қызметтіліктерін (табиғи және әлеуметтік) қанағаттандыруға бағытталған. Осы мағынада ол әлдебір эгоистік индивид болып көрінеді. Сол мезгілде тұлға өзге адамдармен белгілі бір қарым-қатынастарда бола отырып, өзінің талаптары мен тілектерін, қажеттіліктерін қанағаттандыруы мүмкін. Азаматтық

қоғамда әркім өзі үшін мақсат пен міндет және тағы басқа да ұғымдардың маңыздылығы жоқ екендігін көрсетеді. Алайда азаматтық қоғам белгілі бір қоғамдық қатынастарсыз нәтижеге жете алмайтындығы ақиқат.

Азаматтық қоғам туралы ойлар мен тәжірбиелердің жиынтығы «Қоғамдық шарт», «Халықтың егемендігі» және де тағы басқа да теориялармен байланыста Т. Гоббс, Дж. Локк, В фон Гумбольдтің және өзге де ағартушылардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Азаматтық қоғам мәселесіне ерекше көзқарас марксизмде байқалды. К. Маркс өз кезегінде мемлекет сырттай қарағанда немесе тұтастай алғанда азаматтық қоғамды қамти отырып, іс жүзінде үстемдік етуші әлеуметтік топтардың меншік иелерінің мүдделеріне қызмет етеді. Ол келесідей мәселені қарастырады: «Өндіріс дамуының, айырбас пен тұтынудың белгілі бір сатысын алып қарасаңыз және сіз белгілі бір қоғамдық құрылыс, отбасы немесе топтардың белгілі бір ұғымын, бір сөзбен айтқанда белгілі бір азаматтық қоғамның бөлшегін аласыз. Белгілі бір азаматтық қоғамды алып қарасаңыз сіз азаматтық қоғамның ресми бетәлпеті ғана болып саналатын, белгілі бір саяси құрылысты аласыз»^{3, 112}.

В.И. Ленин азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет ұғымдарын мүлдем пайдаланған емес. Адамзаттың бостандық алуы таптық айырмашылықтарды жою және азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы бөлінуді жою, сонымен қатар жеке және ұжымдық өмір сүруді үйлестіруге және біріктіруге қол жеткізу нәтижесінде келеді деп саналған. Нәтижесінде жалпыға ортақ мүддені білдіруші және оның кепілі ретінде қарастырылған жағдайларды, мемлекет, нақты социализм жағдайларында толық өзіне бағындырып, қоғамды жұтып қойды^{4, 93-94}. Сол себепті Кеңестік қоғамтанудан азаматтық қоғам ұғымының мүлдем жоғалып кетуін қарастырып айтуға болады.

Белгілі италиялық социолог А. Грамшидің осы мәселеге деген көзқарасы қызықты болып көрінеді. Ол «мемлекеттік билік аппараттарына тікелей енгізілмеген: кәсіби, діни, қайырымдылық, сонымен қатар қоғамдық саяси топтар мен бірлестіктерді, әлеуметтік топтар мен жіктердің «жеке меншік» ұғымдарын азаматтық қоғам деп түсінді. Аталмыш экономикалық құрылымдармен, сол сияқты мемлекетпен өз шешімін негіздеп, үстемдік етудің саяси және құқықтық формаларын қабылдайтын ашық таптық күрес аренасымен тығыз байланыстыра отырып, азаматтық қоғамды экономикалық және саяси қоғамдар аралығына орналастырады»^{5, 10}. Осылайша А. Грамшидің көзқарасы қоғамдық қатынастарда жүзеге асырылып жатқан экономика және мүдделі топтар жиынтығының қағидаларын қоғам өмірінің айрықша бөлінбес қамалы ретінде сараптайтындығын байқауға болады.

Шетелдік және отандық әдебиеттерде азаматтық қоғамның әртүрлі анықтамалары беріледі және қалыптасқан. Мәселен, британ ғалымы Дж. Кин азаматтық қоғамға келесідей анықтама береді: «Азаматтық қоғам — бұл баламалы азаматтық бастамалармен қатынасатын, бір-бірімен және мемлекеттік билік органдарымен үнемі текетіресте болатын, мәжбүрлеушілік, өзін-өзі ұйымдастыру және өздік рефлексивтілік, соған тән болып саналатын, заңмен қорғалатын ескі және жаңа әлеуметтік институттар мен жекелеген тұлғалардың бір мезгілде күрделі динамикалық ансамблін сипаттайтын категория; мемлекеттік билік органдары олардың қызметін қорғайды, шектейді және мүмкін етеді; болашақты дамытудың әлеуметтік жобасын болжап, біліп отыратын категория»^{6, 87} ретінде пайымдайды.

К.С. Гаджиевтің пікірі бойынша, «азаматтық қоғам — бұл әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени және рухани саланың өмірлік қызметін, оларды жаңғырту мен ұрпақтан ұрпаққа беруді қамтамасыз ету жүйесі, жекелеген индивидтер мен ұжымдардың өзін-өзі көрсетуі үшін жағдайларды қамтамасыз етуге, жеке немес ұжымдық бола ма бәрібір, жеке мүдделер мен қажеттіліктерді жүзеге асыруды қамтамасыз етуге шақырылған, мемлекеттен тәуелсіз және дербес қоғамдық институттар мен қатынастар жүйесі»^{7, 45} ретінде қарастырып өтілген.

Өкінішке қарай, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстарды талдау арқылы азаматтық қоғамға қалыптасқан көзқарас аса кең таралған болып саналады. Қазақстан Республикасында аталмыш әлеуметтік институттар сол себепті қалыптасуы мүмкін. Мәселен З.Т. Голенкованың пікірі бойынша, азаматтық қоғам: «өзінің азаматтық құқықтары бар азамат пен азаматтық (саяси емес және мемлекеттік емес) ұйымдар: қауымдастықтар, бірлестіктер, қоғамдық қозғалыстар мен азаматтық институттар олардың басты субъектілері болып саналатын қоғамдық коммуникациялардың, әлеуметтік байланыстардың, институттар мен құндылықтардың өзгешелік жиынтығы»^{8, 122} деп қарастырылған.

И.А. Гобозов келесідей анықтама береді: «Азаматтық қоғам — бұл әділет заңдары мен нормалары шеңберлерінде әрекет ететін және ресми билік органдарына айтарлықтай ықпал ететін әртүрлі саяси партиялар, ұйымдар, қозғалыстар, комитеттер, қауымдастықтар, жиналыстар, қоғамдық және тағы басқа ресми емес құрылымдар болып өмір сүретін қоғам жиынтығы»^{9, 42}.

Лондон экономика мектебінің Азаматтық қоғам орталығының ғалымдары тұжырымдаған: «Азаматтық қоғам — бұл мүдделерді, мақсаттар мен құндылықтарды бөлісуден туындайтын ұжымдық іс-қимылдар аренасы»¹⁰.

Теорияда азаматтық қоғамның институционалдық формасы мемлекет, отбасы және нарық үшін айқындалған осындай формалардан өзгешеленеді, алайда тәжірбиеде мемлекет, азаматтық қоғам, отбасы және нарық шекараларын ажырату қиын, бұлыңғыр және талқылауды қажет етеді. Азаматтық қоғам, әдетте тіркелген қайырымдылық мекемесі, даму жөніндегі мемлекеттік емес ұйымдар, қауымдастықтар, әйелдер ұйымдары, сенімге құрылған ұйымдар, кәсіподақ қауымдастықтары, кәсіпорындар, өзіне-өзі көмек көрсететін топтар, әлеуметтік қозғалыс, бизнес қауымдастықтары, қандайда бір көзқарастарды қорғау жөніндегі коалициялар және топ сияқты ұйымдардан тұрады» деген анықтама, ғылыми әдебиеттердегі ең ауқымы жоғары таралғаны болып саналады.

Келтірілген бүкіл анықтамлар (дефинициялар) өзара қайшы келмейді және азаматтық қоғам күрделі, көпқырлы және көп айғақтылыққа феномен ретінде байқалатындығын растауға болады.

Сонымен әртүрлі елдердің аса көрнекі саяси философия өкілдерінің азаматтық қоғам жайлы жоғарыда келтірілген көзқарастарынан төмендегідей тәжірибиелік тұжырымдамалар жасауға болады:

– азаматтық қоғам — құқықтық мемлекет құрудың бастапқы кезеңінде пайда болған адамзаттың тарихи дамуының бейнесі;

– барлық азаматтардың жеке меншік базасында экономикалық дербестік алу мүмкіндіктерінің пайда болуы азаматтық қоғамның пайда болуының міндетті жағдайы болып саналады;

– сословиялық артықшылықтарды жою және адамның тұлғалық өсуі, азаматтық қоғамды қалыптастырудың аса маңызды алғышарты болып саналады;

– азаматтық қоғамның қалыптасуы экономикалық және құқықтық қатынастардың дамығандығына және мемлекеттік билік құрылымдарына қоғамдық бақылау механизмінің пәрменділік дәрежесіне қатысты болады;

– азаматтық қоғам мемлекетпен тығыз байланыста болады.

Азаматтық қоғамның қазіргі түсінігі онда маңызды белгілер кешенінің болуын болжайды. Олардың кейбірінің жоқ болуы немесе дамымағандығы, әлеуметтік организмнің «денсаулық» жағдайы мен оның өзін-өзі жетілдірудің қажетті бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға толық негіз бар.

¹ Өзбекұлы С., Копабаяева Ө. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы: Жеті жарғы, 2014. — 168 б.

² Әлімұлы А. Ең мықты ұлт қандай болуы тиіс // Фемида: Заң Медиакорпорациясы баспасы. — 2013. — № 2. — 32 б.

³ Резник Ю.М. Гражданское общество как понятие // Социально-гуманитарные знания. — 2010. — № 2. — 112 б.

⁴ Қосжанов А.С., Амантай А., Орынбеков А.С. Мемлекет және құқық теориясы пәніндегі құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қазіргі таңдағы теориясы мен тәжірбиесінің мәселелері. — М: Қарағанды, 2015. — 93–94 б.

⁵ Қосжанов А.С., Боранбаева А.Е., Амантай А., Қаржасова Г.Б. Құқықтық мемлекеттің негізі азаматтық қоғам: Оқу құралы. — Қарағанды, 2011. — 10 б.

⁶ Матузов Н.И. Гражданское общество: сущность и основные принципы // Правоведение. — 2012. — № 3. — 87 б.

⁷ Мұсатаев С.Ш. Қазақстандық азаматтық қоғам: қазіргі жағдайы мен келешегі // Заңгер «Print house gerona» баспасы. — 2013. — 45 б.

⁸ Шарипжанова А.С. Азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет арақатынасы және өзара әрекеттесуі Қазақстан Республикасының Конституциясы — қалыптасқан мемлекеттің басты заңы атты халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясы. Гумилев атындағы ЕҰУ. — Астана, 2015. — № 2. — 122 б.

⁹ Баймаханов М.Т. Проблемы этатизма и ориентация на преимущественное использование правовых ценностей // Правовая реформа Казахстана. — 2018. — № 3. — 42 б.

¹⁰ С.А. Авакьян. Конституционное право России: В 2 томах. 5-е изд., перераб. и доп. — М., 2014. — Т. 1.

*Абиев Е.С.,
жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы,
заң ғылымдарының магистрі
(Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті)*

Әлеуметтік мемлекеттің құқықтық аспектілері

Құқықтық категория ретінде «Әлеуметтік мемлекет» ұғымы алғаш рет 1949 жылғы Германияның Конституциясында (негізгі заңында) пайда болды деп пайымдайтын болсақ, содан кейін ол 1958 жылғы Францияның, 1978 жылғы Испанияның, 1991 жылғы Румынияның мемлекетінде, 1991 жылғы Словенияның, 1991 жылғы Колумбияның, 1993 жылғы Перудің, 1996 жылғы Украина-ның, 1998 жылғы Эквадордың, 1999 жылғы Венесуэланың мемлекетінде, басқа да бірқатар елдердің Конституцияларында қалыптасты дейтін болсақ, Қазақстан Республикасының да Ата заңында өз бейнесін қалыптастырған. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабының бірінші тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары»¹ деп Ата заңымызда жазылған норманы жүзеге асыру механизмін жетілдіру қажет.

Алайда бұл ұғымның мәні мен мазмұны Қазақстан заңнамасында жүйелі ашылмаған. Сондықтан әлеуметтік мемлекет көп жағдайда халықтың белгілі бір топтарын атаулы әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін мемлекет ретінде түсіндіріледі.

Сонымен қатар бұл ұғым Л.С. Мамуттың пікірінше, әлеуметтік мемлекет деп «өз мүшелеріне белгілі бір әлеуметтік қызметтерді (саяси, әкімшілік, сот қызметтерінен басқа) көрсетуге» өзін-өзі байланыстыратын «қоғамның жария-билік ұйымы»² деп талдаса, М. В.Баглай әлеуметтік мемлекет — бұл «әлеуметтік әділеттілікке, өз азаматтарының әл-ауқатына, олардың әлеуметтік қорғалуына қамқорлық жасау міндетін өзіне алатын»³ мемлекет деп санайды. Сондай-ақ бірқатар авторлар әлеуметтік мемлекеттің мәнін түсінуді әлеуметтік қатынастарды реттеумен байланыстыратындығын атап өткен жөн.

Қазақ қоғамында әлеуметтік мемлекет институты орта ғасырлардың өзінде кең ауқым алғандығы мәлім. Нақты тоқталар болсақ, жетімі мен жесірін жылатпаған қазақ қоғамында асар, барымта, жылу және әменгерлік ұғымдары кең ауқым алған. Ол өз кезегінде Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы және Әз Тәуке ханның «Жеті жарғы» дала заң нормаларында дәстүрлі құндылықтар арқылы бейнесін тапты деп негізгі идеясын атап айта аламыз.

Мемлекет тарапынан бұл тұста, «Қазақстан — 2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» бағдарламасы және «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы, «Жол картасы — 2020», «Болашақ» бағдарламаларының маңыздылығы зор. Атап айтқанда, халықтың әл-ауқатын көтеру, еңбек ресурстарын тиімді пайдалану мен білім беру жүйесінің де қарқынды дамуына үлесін қосып келеді. Алайда қоғам үшін жүйеленген нормативтік-құқықтық бекітілген заңдылықтың (Конституцияның) жоғарғы бір ізділенген жүйесін жетілдіру маңызды.

2022 жылдың 11 қаңтарында Мемлекет басшысы денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларындағы мәселелерді шешу үшін «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорын құруды тапсырды. Қордың құрылған ұжымы бір ай ішінде қоғам, үкіметтік емес ұйымдар, тиісті министрліктер өкілдерімен фасилитативтік сессиялар мен талқылаулар өткізді.

Осы талқылаулардың нәтижесінде мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған және Қазақстан халқына көмек көрсетудің тиімді құралына айналған қор тұжырымдамасы жарық көрді. Тұжырымдама аясында қор қызметінің негізгі бағыттары мен қорға түсетін қаражат есебінен басым қолдау көрсетілетін халықтың негізгі санаттары анықталды. Әлеуметтік мемлекеттілікті жетілдіруде аталған қор жұмысының азаматтық қоғам институттарымен бірлескен ұзақ мерзімге арналған стратегиялық басымдықтарын айқындап алу қажеттілігі туындайды.

Бұл бірлескен жұмыста, әлеуметтік серіктестіктің алатын орны ерекше. Себебі «Әлеуметтік серіктестік» санаты ғылымның түрлі салаларының өкілдерімен зерттелді, сондықтан бірнеше мағыналы түсіндірмесі бар. Бұл ретте, ғалымдар әлеуметтік әріптестік туралы ойлардың пайда болу сәті мен осы қатынастарды дамуының эволюциялық уақыт шеңберіне сәйкестендіретіндігі әр қилы болып келетіндігі мәлім.

Бұл тарапта, мемлекет үшін арнайы заң нормасын жетілдіру қажет деп ойлаймыз. Атап айтар болсақ, Еңбек кодексін «Еңбек және әлеуметтік қорғау мен қамтамасыздандыру» Кодексімен алмастыра отырып, заң нормасын ұсынуға болады. Бұл заң нормасының маңызды аспектісі:

Біріншіден, атаулы әлеуметтік көмекке мұқтаж тұлғалардың құқықтық аспектілерін реттеуге бағытталса, екіншіден, адам және азаматтардың, жеке тұлғалардың, мүгедектердің, көп балалы отбасылардың, толық емес отбасылардың еңбекке қабілеттілігін айқындай отырып, мемлекетте халықтың әлеуметтік теңдігін қамтамасыз ету және санатына байланысты мемлекет тарапынан қолдау білдіру болып табылады.

Бұл заңнаманың басымдықтары, Қазақстан Республикасында әлеуметтік мемлекет ретінде, нақты, негізсіз қалыптасуы үшін келесі шаралар жүйесін жүзеге асыруды қамтамасыздандыру қажеттігін көрсетеді:

– Қазақстан Республикасында өмір сүру сапасы мен деңгейінің әлеуметтік стандарттарын халықаралық стандарттар деңгейінде белгілеу (ең төменгі күнкөріс деңгейінің, ең төменгі жалақының қазіргі көрсеткіштері физиологиялық тыныс-тіршілікті қолдауға мүмкіндік береді және азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызметтерге жұмсалатын барлық шығыстарды ескермейді);

– қалыпты прогрессивті салықты енгізу, табиғи ресурстарды пайдаланудан кірістерді қайта бөлу және Қазақстан Республикасының әрбір азаматына табиғи ресурстарды коммерциялық пайдаланудан рентадың дербес үлесін бөлу есебінен халықтың неғұрлым ауқатты бөлігі мен халықтың осал бөлігі арасында экономикалық, экологиялық және мәдени ресурстарды бөлудегі үлкен алшақтықты біртіндеп жою;

– әлеуметтік жәрдемақылардың, азаматтардың зейнетақы жинақтарының жай-күйі мен қозғалысына мемлекеттік және қоғамдық бақылауды күшейту;

– әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және көтермелеу, оның нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру;

– бизнес қоғамдастық өкілдері демеушілік ететін қайырымдылық, өзге де әлеуметтік қорларды кеңейту саясатын іске асыру;

– қазақ халқының туыстық байланыстарға, жерлестік пен мұсылман дініне негізделген әлеуметтік қолдау саласындағы дәстүрлі институттарын, әдет-ғұрыптарын белсенді пайдалану;

– бір жағынан Қазақстан Республикасының азаматтарына және арнайы шақырылған шетелдік мамандарға еңбекақы төлеудегі және Қазақстан Республикасының азаматтарына заңды еңбек мигранттарына еңбекақы төлеудегі арақашықтықты жою.

¹ 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы (01.01.2023 ж. соңғы өзгертулер мен толықтыруларды қоса алғанда).

² Социальное партнерство государства и религиозных организаций, коллектив авторов, 2018 г. // https://domknig.com/read_352280-2

³ Как происходит взаимодействие государства и религиозных объединений в Казахстане в 2018 году// <https://www.caravan.kz/news/kak-proiskhodit-vzaimodejstvie-gosudarstva-i-religioznykh-obedinenij-v-kazakhstane-v-2018-godu-504192/>

*Айтмеке К.А.,
докторант
(Alikhan Bokeikhan University)*

Қазақстанда конституционализмнің және онда әлеуметтік көріністерінің пайда болуы

Қазақстан Республикасы қоғамы мен мемлекетінің дамуының объективті себептеріне байланысты. Қазақстан Республикасы Конституциясында (1995 ж. 1-бап) елімізді «әлеуметтік мемлекет» ретінде орнықтырады делінген. Бұл ұлттық апатқа айналу қаупі бар қоғамның өзекті мәселелерін шешудің шұғыл қажеттілігінің көрінісі болды. Бұл проблемалар әсіресе экономикалық және әлеуметтік қатынастар саласында айқын көрінеді¹.

Жалпыхалықтық меншіктің жойылуы, стихиялық жеке меншік қатынастар кезінде ел халқының көп бөлігінің кедейленуі, қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуі, үнемі өсіп келе жатқан жұмыссыздық, әлеуметтік саланың инфрақұрылымының бұзылуы, осының бәрі қазірдің өзінде қоғамдағы маңызды қайшылықтарды ушықтырады.

Осы сұрақтарға жауап бере отырып, бұл қарама-қайшылықтардың шешілуі көбінесе қоғамда қалыптасқан идеологиялық көзқарастарға, қабылданған құқықтық нормаларға және мемлекет пен оның саяси институттарының әлеуметтік салаға қатысты конституционализмді дамыту, іске асыру және жетілдіру жөніндегі барлық қызметіне байланысты екенін атап өткен жөн.

Ғылыми құқықтық әдебиеттерде «конституционализм» термині кеңінен қолданылмады. Революцияға дейінгі әдебиетте ол «Конституциялық мемлекет» деген ұғыммен танылды. Кеңестік кезеңде бұл термин ұзақ уақыт бойы тек шетелдермен байланысты болды. Тек посткеңестік кезеңде ғана «Конституционализм» термині кеңінен қолданыла бастады, дегенмен, оған арналған зерттеулерде ғана. «Конституционализм» термині американдық саяси-құқықтық ойға байланысты. 1787 жылғы АҚШ Конституциясының негізін қалаушылар оларға жазбаша Конституцияның шығарылған заңдар мен басқа да құқықтық актілерден үстемдігін белгіледі. Алайда кейінірек құқықтық және басқа зерттеулерде бұл термин кеңірек мағынаға ие болды және әртүрлі мемлекеттердің әлеуметтік жүйесінің демократиясын сипаттау үшін қолданыла бастады.

Құқықтық ғылыми әдебиеттерде конституционализмнің бірыңғай тұжырымдамасы әзірленбеген. Сонымен «XVII–XVIII ғасырлардағы буржуазиялық конституционализм тарихы» монографиясының авторлары конституционализмді теориялық доктрина, идеялық-саяси қозғалыс және мемлекеттік-құқықтық тәжірибе ретінде қарастырды².

Конституционализм, ең алдымен, Конституцияның болуы және оның елдің саяси өміріне белсенді әсер етуі, Конституцияның үстемдігі және қолданыстағы заңнама жүйесіндегі негізгі заң ретіндегі шешуші рөлі, саяси қатынастардың конституциялық-құқықтық нормалармен делдалдығы, мемлекеттік жүйе мен саяси режимнің конституциялық реттелуі, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын, азамат пен мемлекет арасындағы қатынастардың құқықтық сипатын тану.

Конституционализм мемлекеттік жүйе мен саяси режимді конституциялық-құқықтық реттеуді, оның мемлекетпен қарым-қатынасындағы жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын конституциялық қорғауды көздейді. Қазақстан жерінде конституционализм, оның ішінде әлеуметтік конституционализм идеялары мәселелері бойынша әр уақытта Е.Б. Абдрасулов, К.К. Айтхожин, С.К. Амандыкова, А.Т. Ащев, М.Т. Баймаханов, Ж.Н. Баишев, Л.С. Жақаева, С.З. Зиманов, В.А. Ким, А.К. Котов, М.Х. Матаева, Э.Э. Дуйсенов, Л.Т. Жанузакова, Б.К. Нургазинов, В.В. Мамонов, А.А. Матюхин, В.А. Малиновский, Э.Б. Мухамеджанов, А.К. Мухтарова, С.Н. Сабикенов, Г.С. Сапарғалиев, С.С. Сартаев, Б.А. Тайторина, Қ.С. Мусин, А.А. Таранов, Н.А. Шайкенов, Б.Дж. Рысмендеев, В.Д. Шопин, А.А. Черняков және т. б. қарастырған.

Конституционализмнің заңды аспектілері туралы айта отырып, авторлар конституциялық актілерді талқылау және қабылдау тәртібін, олардың заңнама жүйесіндегі орны мен маңыздылығын, конституциялардың құрылымын, конституция мәтініндегі жалпы принциптер мен нақты нормалардың байланысын ажыратады. Кеңес конституцияларын, Кеңес мемлекеті мен құқығын зерттеу кезінде бұл ұғым қолданылмады. Кеңестік құқықтық сөздіктер мен энциклопедияларда «конституционализм» сөзі тіпті айтылмаған.

Позиция 70-жылдардың аяғынан бастап біршама өзгерді. Теориялық ойлауды жүзеге асыру тәртібімен КСРО мен шет социалистік елдердің конституциялық дамуындағы келесі қадамдарға, буржуазиялық конституционализм туралы мол монографиялық әдебиеттер аясында қарапайым болып көрінетін социалистік конституционализм доктринасының үзінді нобайлары бар басылымдар пайда бола бастады. Конституционализмдегі ең бастысы конституцияның болуы емес, кез келген адамның, адамдар тобының немесе билік органының күші мен күшін жою принципі. Ұлыбритания конституционализм елінің мысалы болып табылады, бірақ конституциясыз. Керісінше КСРО-дағы конституция ерекше мереке болып атап өгілетін, бірақ формальды болды³.

Осылайша конституционализм көп қырлы ұғым. Оны саяси-философиялық теория, конституцияға негізделген саяси процесс пен әлеуметтік-саяси институттарды ретке келтіру практикасы, сондай-ақ мемлекеттік билікті ұйымдастыру, оның салаларын, элементтерін бөлу және оларды өзара теңестіру тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Конституционализм өте күрделі ұғым болғандықтан, оның маңызды сипаттамаларын қысқаша қарастырыңыз.

Батыс саясаттануында әдетте конституционализмнің келесі негізгі принциптері ажыратылады (Федералды мемлекеттерде федерализм принципі және федерация субъектілерінің құқығынан федералдық құқықтың үстемдігі аталған принциптерге қосылады).

Халықтың егемендігі принципі. Азаматтық қоғамда халық егеменді, яғни оған өз еркінің күші мен бірігу күшінен басқа ешқандай билік берілмейді. Мемлекеттік билік кеңістігі конституцияның нақты көрінісі болып табылатын қоғамдық шартпен анықталады. Экономикадағы, моральдағы, мәде-

ниеттегі барлық проблемалар, қайшылықтар мемлекеттің араласуынсыз қоғамның күшімен шешіледі. Барлық жағдайда мемлекет азаматтық қоғамның өмірін анықтамайды, бірақ азаматтық қоғам мемлекеттің міндеттерін анықтайды.

Құқық үстемдігі принципі немесе құқықтық мемлекет принципі. Бұл қағида қоғам мен мемлекетте басымдық бар екенін білдіреді, яғни билікке қарағанда құқықтың үстемдігі. Конституционализм саяси режимнің анықтаушы белгісі болып табылатын жерде конституция негізгі болып табылады. Билікке үстемдік ету принципі барлық мемлекеттік органдар мен шенеуніктер тек конституцияның аудармашылары мен орындаушылары екенін білдіреді. Теориялық тұрғыдан шексіз заңнамалық өкілеттіктерге ие өкілетті орган, ең алдымен, мемлекеттік билікке қарамастан, қолданыстағы құқықты заңды түрде беру құралы болып табылады⁴.

Билікті бөлу принципі мемлекеттік биліктің үш тармағының ұйымдық тәуелсіздігін болжайды: заң шығарушы, атқарушы және сот. Осы қағида бойынша биліктің бірде-бір тармағы биліктің басқа тармағына Конституциямен берілген құқықтарды пайдалана алмайды. Бір-бірінен автономды жұмыс істейтін биліктің барлық үш тармағында олардың өзара әрекеттесу процесінде өзара бақылау және тепе-теңдік механизмдері бар.

Федерализм принципі федералды құрылымы бар мемлекеттік аумақтық-саяси қауымдастықтарға ғана тән. Федеративті құрылғы — бұл біртұтас мемлекет ішіндегі мемлекет бөліктерінің автономиясының ең жоғарғы нысаны. Конституционализм тұрғысынан федерализм принципі әдетте мемлекеттік билікті тігінен бөлу ретінде қарастырылады — орталық (федералды) органдар мен аймақтық органдар арасында. Билік тармақтары арасындағы билікті көлденең бөлу сияқты федерализм принципі конституциялық мемлекетте билікті монополиялауға және теріс пайдалануға жол бермейтін құрал ретінде қолданылады.

Жоғарыда қарастырылған принциптер конституционализмнің бірыңғай теориялық жүйесін құрайды, ол нақты саяси тәжірибеде азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастардың өзіндік ерекшелігімен нақты тарихи модельдерге сәйкес келеді. Қазіргі уақытта конституционализмнің екі тұрақты моделін ажыратуға болады: ағылшын-американдық және еуроконтинентальды.

Англо-американдық конституционализм моделі индивидуализм идеологиясын қалдырды. Осы елдерде конституциялық басқарудың қалыптасу кезеңінде азаматтық қоғамның орталық қайраткері-өз проблемаларын өз бетінше шеше алатын, өзіне берілген еркін адам-меншік иесі болады. Сондықтан жеке тұлғаның егемендігі идеясы, оның табиғи құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің азаматтық қоғамға араласпауы конституционализмнің ағылшын-американдық моделінің негізін құрады.

Континентальды Еуропа елдерінде мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы түбегейлі басқа қатынастар қалыптасты. Мұнда XIX ғасырда әлсіз мемлекеттің дәстүрлері үстемдік еткен Ұлыбритания мен АҚШ-тан айырмашылығы, бірқатар объективті тарихи жағдайларға байланысты әлеуметтік тәртіпті сақтауға және өз аумақтарын қорғауға қабілетті мемлекеттік билікті нығайту міндеті тұрды. Сондықтан конституционализмнің еуроконтиненттік моделінің негізінде құқықтық мемлекет тұжырымдамасында көрініс тапқан күшті мемлекет идеясы жатыр. Бұл тұжырымдама XIX ғасырда Германияда тұжырымдалды және кең таралды. Орталық және Шығыс Еуропаның саяси ойының орталығы болды.

Құқықтық мемлекет теориясы азаматтық құқықтар мен жеке бостандықтар идеясын күшті мемлекеттілік дәстүрімен біріктіреді. Жеке адамның бостандығы мемлекеттің күшіне байланысты, өйткені тек күшті бола отырып, мемлекет адам құқықтарының қорғалуына, оның жеке бостандығына, қоғамдағы тәртіпке кепілдік бере алады. Тек саяси тәртіп жағдайында жеке тұлғаның еркін даму мүмкіндігі бар. Басқаша айтқанда, күшті мемлекет болмаса, шынайы бостандық болуы мүмкін емес, бірақ мемлекет конституция, құрмет пен қорғау, жеке тұлғаның табиғи құқықтары, биліктің бөлінуі, заң алдындағы барлығының теңдігі негізінде қоғамдағы тәртіпті сақтауға арналған.

Осылайша жоғарыда қарастырылған модельдердегі елеулі айырмашылықтарға қарамастан, конституционализм тұрақтылықты сақтауға және әлеуметтік тәртіпті сақтауға ықпал ететін мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қатынастарды анықтайтын және реттейтін нақты, заңға негізделген механизмдер жүйесі болып табылады⁵.

Қазақстан құқықтық, конституциялық мемлекет болып табылады, оның басты мақсаты адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын нақты қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасу кезеңдері Бұл Қазақ хандығы құрылған сәттен бастап Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымына дейінгі ұзақ тарихи процесс, соның арқасында ел демократиялық құқықтық мемлекеттің қазіргі даму деңгейіне жетті, сондықтан бұл оқиға біздің мемлекетіміз үшін тарихи маңызға ие.

- ¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды (01.01.2023 ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
- ² Кравченко А.И. Общая социология: Учеб. пос. для вузов. — М.: Юнити, 2017. — 479с.
- ³ «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 286-VI Заңы (2022.14.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000286>
- ⁴ Добренъков В.И. Социология: Краткий курс / Добренъков В.И., Кравченко А.И. — М.: Инфра-М., 2018. — 231 с.
- ⁵ Каташинских В.С. Методы сбора социальной информации: Учеб. пос. / Науч. ред. Ю.Р. Вишнеvский. — М-во образования и науки Российской Федерации: Урал. федер. ун-т. — Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2017. — 124 с.

Ж.Е. Айтжанов,
криминалистика кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

Баллистикалық зерттеудің объектілерін оқ-дәрілер санатына жатқызудың криминалистикалық аспектілері.

Адамзат қызметінің әртүрлі салаларындағы және білім салаларындағы мамандар объектілерді оқ-дәрілерге жатқызу үшін жиі ғылыми негізсіз дәлелдерді ұсынады. Криминалист-мамандардың тұжырымдары мен қылмыстық істерде кездесетін жекелеген объектілерді құқықтық бағалау практикасы арасында оқ-дәрілер ұғымын қалыптастырудың әртүрлі көзқарастарының болуы негізгі қайшылықты тудырады.

Егер біз әскери қызметке қатысты оқ-дәрілер ұғымын қарастыратын болсақ, онда ең кең және нақтылы емес мағынада әскери-техникалық әдебиеттерде тұжырымдалған оқ-дәрілер ұғымы бар. Әскери-техникалық аспектіде оқ-дәрілер ретінде күш пен техниканы тікелей зақымдауға, құрылыстарды, бекіністерді бұзуға және арнайы тапсырмаларды орындауға (жарықтандыру, түтін шығару, үгіт-насихат әдебиеттерін таратуға және т. б.) арналған қарудың құрамдас бөлігі болып саналады.

Әскери терминдердің түсіндірме сөздігінде оқ-дәрілердің мағынасы біршама тарылды: «...жаудың күшін, жауынгерлік техникасын және оның қорғаныс және басқа да маңызды объектілерін бұзуға (жоюға) арналған қару-жарақ заттары».

Кеңестік энциклопедиясында оқ-дәрілер ұғымы одан әрі нақтыланған және барлық қару түрлерінің тізімі түрінде баяндалған. Бұл жағдайда оқ-дәрі ретінде келесі объектілер де қарастырылған: жарықтандыру және сигналдық патрондар, оқ-дәрілердің жекелеген элементтері (капсюльдер, дәрі зарядтары, капсюль-детонаторлар, оқсауыттар және тіпті картуздар), олардың құрамдас бөліктеріне немесе қосалқы құралдарына жатады.

Қылмыстық кодекстің ғылыми-практикалық түсініктемелерінде нысананы зақымдауы мүмкін немесе мүмкін еместігі, есепке ала отырып, оқ-дәрілер тар және нақты мағынада қарастырылады.

Сот-баллистикалық зерттеу теориясы мен практикасының негізгі терминдерінің сөздігі оқ-дәрілердің келесі анықтамасын береді:

1. Жаудың күші мен техникасын зақымдау мақсатындағы барлық түрдегі атыс қаруынан, оның ішінде ойықты аңшылық, артиллериялық зеңбіректерден атуға арналған заттар: гранаталар, миналар, артиллериялық снарядтар және басқалары

2. Жануарларды зақымдау мақсатындағы аңшылық тегіс ұңғылы мылтықтардан атуға арналған заттар — зауыттық немесе қолдан жасау тәсілімен жабдықталған патрондар, оқ-дәрі, снарядтар (оқ, бытыра, картечь), тығындар, төсемдер, тығыздағыштар.

Осылайша, бұл ұғымға аңшылық қаруға арналған толық патрондар ғана емес, сонымен қатар олардың жабдықтарына арналған элементтер де кіреді. Сонымен қатар ойық ұңғылы атыс қаруына арналған оқ-дәрілердің ұқсас компоненттері оқ-дәрі ретінде қарастырылмайды.

Оқ-дәрілерге нақты түсініктеме беруге көптеген криминалист-ғалымдар әрекет жасады. Мысалы, Е.Н. Тихонов оқ-дәрілерді «оқ-дәрінің немесе басқа жарылғыш заттың жарылуы нәтижесінде құрылымы мен заряд қуаты бойынша тұтандырғыш құрылғысы бар, нысананы зақымдауға арналған снарядпен (бір зарядты әрекеті), жарықшақпен немесе фугастпен, термиялық немесе басқа әсердің көмегімен зақымданудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ететін құралдар (заттар)» деп анықтама берген болатын.

Ол сондай-ақ оқ-дәрілердің негізгі белгілерін анықтады:

– оқ-дәрінің немесе өзге жарылғыш затпен жару немесе ату арқылы нысананы зақымдауға арналған;

– снарядпен (бір зарядты әрекеті), жарықшақпен немесе фугастпен, термиялық немесе басқа әсердің көмегімен зақымдану;

– тұтандырғыш құрылғысы бар;

– бір реттік сипатқа ие.

Е.Н. Тихоновтың тұжырымдамасы белгілі бір артықшылықтарға ие, өйткені онда әртүрлі әрекет ету тәсіліндегі оқ-дәрілерге тән белгілердің нақты тізімі көрсетілген. Алайда шамадан тыс егжей-тегжейге байланысты бұл тұжырымдама біршама күрделі болып көрінеді және оны қабылдау қиын. Кез келген тұжырымдама мүмкіндігінше қысқа, ықшамды және толық болуы керек. Оқ-дәрілердің нысанаға әсер ету түрі сияқты олардың кішігірім маңызды емес белгілерін қосу артық деп санау қажет: «... снарядпен, жарықшақпен немесе фугастпен, термиялық немесе басқа әсердің көмегімен». Жекелеген криминалистердің пікірінше, оқ-дәрілердің мақсатын қажетсіз нақтылау тағы бір нысапсыздық: «... оның құрылымы мен заряд қуаты, нысананы нақтылы зақымдаудың мүмкіндігін қамтамасыз етеді». Өйткені кез келген мақсаты тиісті құрылымдық және жеткілікті қуатпен жүзеге асырылатыны белгілі.

Волгоград заң институтының сот-баллистикалық сараптамасы бойынша дәрістер курсына тұжырымдалған тұжырымдаманы заң бойынша қарапайым және әмбебап ұғым деп санауға болады. Оқ-дәрілердің негізгі белгілері де өте жақсы анықталған.

Сондай-ақ Е.Н. Тихонов, ең алдымен, белгілі бір объектілерді зақымдауға арнаған. Объектілердің зақымдануы деп әртүрлі құралдармен әсер ету түсініледі, нәтижесінде күшке қалыпты қарсы тұру немесе кедергілердің (тосқауылдардың) жұмыс істеу қабілетінің ішінара немесе толық жоғалуы қамтамасыз етіледі. Мақсаты снарядпен, жарықшақпен немесе фугастпен, термиялық немесе басқа әдістермен нысананы зақымдануды қамтамасыз ететін оқ-дәрілердің өзіндік құрылымымен жүзеге асырылады.

Тергеу және жедел-криминалистикалық тәжірибеде барлық қажетті белгілері бар, бірақ негізгі белгісі жоқ патрондар мен арнайы құралдар жиі кездеседі.

Мұндай объектілерге құрылыс-монтаждау тапаншаларына, сигналдық, газдық қаруларға және басқалары жатады. Олардың көпшілігі атылған кезде ұңғы арнасында 3200 атм дейін қысым жасайтынына қарамастан, егер де олар өзгерулерге ұшырамаса, оларды оқ-дәрілерге жатқызуға болмайды. Өзінің бастапқы күйінде (конструкцияларында) нысананы зақымдауды қамтамасыз ете алмайды.

Оқ-дәрілердің екінші міндетті белгісі — жарылыс немесе атыс қаруынан атыс жүргізу барысында зақымдау факторларына айналатын жарылғыш заттардың энергиясын пайдалану. Әрине бұл белгіні оқ-дәрілерді криминалистикалық тұрғыдан түсінуде басты деп атауға болады. Аталған белгі адамды зақымдайтын оқ-дәрілердің басқа құралдардан ажыратуға мүмкіндік береді: лақтыратын, пневматикалық және басқа қарулар.

Объектілерді (кедергілерді) зақымдау мақсатына жету үшін оқ-дәрілер өзара байланысты компоненттердің белгілі бір саны бар тиісті құрылымы болуы қажет. Осыған байланысты оқ-дәрілердің келесі үшінші белгісін — көп компонентті ажыратуға болады.

Көп компоненттілік объектіде мақсатқа жетуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір қасиеттері мен мақсаты бар кем дегенде екі элементтің болуын талап етеді. Атыс қаруын ату кезінде нысанаға тигізуге арналған оқ-дәрілердің конструктивті көп компоненттілігі, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, оларда келесі негізгі элементтердің болуын болжайды:

– оқсауыттар;

– лақтыру құрамы;

– тұтандырғыш құрылғысы бар;

– снаряд.

Ерекшелік G-11 неміс винтовкасына арналған оқсауытсыз патрондар және микрозымыран-патрондары заряд снарядтың өзіне орналастырылған.

Жарылғыш оқ-дәрілерге келетін болсақ, олар үш элементтің болуымен сипатталады: жарылғыш зат; жарылу құрылғылары; корпус. Алайда үш құрылымдық элементтің болуы тек өнеркәсіптік оқ-дәрілерге ғана тән. Қолдан жасалған оқ-дәрілерде корпустар немесе жарылғыш заттар болмауы мүмкін. Бірақ мұндай оқ-дәрілердің құрылымы олардың толықтығын және нысананы зақымдау мүмкіндігін көрсетуі керек.

Халық шаруашылығындағы жарылыс жұмыстарына арналған объектілер немесе дәстүрлі емес үлгідегі қолдан жасалған объектілер тергеу және жедел-криминалистикалық практикасында жарылғыш құрылғылар деп аталды.

Пайдаланғаннан кейін оқ-дәрілер кейіннен пайдалану үшін жарамсыз болып, ішінара немесе толық жойылуға ұшырағандықтан, төртінші негізгі белгіні-бір реттік деп бөлуге болады.

Кейбір авторлар арнайы тұтандырғыш құрылғыны қолдану арқылы әрекет ету сияқты белгіні ажыратады. Бұл белгіні бөліп қарастыратын болса, тек оқ-дәрі сияқты патронда болады. Оларды іске қосу үшін оқ-дәрілердің құрамдас бөлігі болып табылмайтын жеке құрылғының болуы қажет. Жарылғыш және басқа әрекеттердің оқ-дәрілеріне қатысты мұндай белгіні оқшаулау қажет емес, өйткені бұл оқ-дәрілердегі тұтану құралдары міндетті құрылымдық элемент болып табылады. Оларды бөлек қарастыруға болмайды, сондықтан көп компоненттілік сияқты белгімен қамтылады.

Оқ-дәрілердің берілген белгілерін ескере отырып, оның келесі әмбебап түсінігін құрастыруға болады.

Жауынгерлік керек-жарақтар (оқ-дәрілер) — бұл объектілерді (нысандарды) зақымдауға арналған, атыс қаруынан немесе жарылыстан атылған, жарылғыш заттарды қолдана отырып, конструкция бойынша бір реттік әрекетті көп компонентті бұйымдар.

Оқ-дәрілер ұғымына сүйене отырып, олардың оқшауланған жеке элементтері оларға жатпайтыны жөн, мысалы, оқтар, оқсауыттар, бытыра, картель, жарылғыш заттар, жарылғыш заттардың корпусы. Өздеріңіз білетіндей, жарылғыш заттарды иелену, қылмыстың құрамын дербес қалыптастырады.

Оқ-дәрілердің критерийлеріне объектілерді зақымдауға арналмаған арнайы құралдар мен патрондар кірмейді. Оларға бос оқ-дәрілері және оқу патрондары, бастапқы және құрылыс-монтаждау тапаншаларына, сондай-ақ тапаншалар мен револьверлерге (салпыншақтарға) патрондар, ұшақтардағы катапультациялаушы құрылғыларға, жарықтандыруға, түтіндетуге, үгіт әдебиеттертерін жеткізуге, сигналдарды беруге арналған көмекші маңызы бар құралдарға патрондар (серпінді зарядтар), сондай-ақ жарылғыш заттарға еліктеу құралдары жатады. Тізімдегі бірқатар объектілерде оқ-дәрілердің элементтері болса да, жеке имитациялық патрондар мен дойбылар жоғары жарылғыш әсерге ие, бірақ олардың мақсатына сәйкес олар тек имитациялық құралдар болып қала береді.

Жарылғыш заттардың ішінде оқ-дәрілерге тірі күш пен техниканы жою, ғимараттарды, құрылыстарды, бекіністерді жою үшін қолданылатын барлық әскери мақсаттағы объектілер жатады. Оларға мыналар жатады: ядролық оқ-дәрілер, артиллериялық және миномет атыстары, реактивті снарядтар, белсенді реактивті снарядтар, миналар, гранаталар, авиациялық бомбалар, атыс қаруының патрондары, қол және қару гранаталары, жарылыс құралдары, зарядтар.

Әскери, халық шарушылық және қылмыстық мақсаттарда қолданылатын барлық оқ-дәрілерді олардың тікелей мақсатын жүзеге асыру ерекшелігіне байланысты (ату немесе жарылыс арқылы) екі негізгі топқа бөлуге болатындығын атап өткен жөн:

1. Атыс қаруына оқ-дәрілер (патрондар, артиллериялық оқтар);
2. Жарылғыш құрылғылар (гранаталар, авиациялық бомбалар, инженерлік оқ-дәрілері, теңіз миналары, торпедалар, әртүрлі қолдан жасалған жарылғыш құрылғылар және басқасы).

*Амангельдиев Н.Е.,
магистрант факультета послевузовского образования,
старший лейтенант полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова)*

Некоторые вопросы квалификации посягательства на жизнь сотрудника полиции

Уголовная ответственность за посягательство на жизнь сотрудника правоохранительного органа, сотрудника специального государственного органа, военнослужащего, государственного инспектора по охране животного мира, инспектора специализированной организации по охране животного мира, егеря предусмотрена ст. 380-1 Уголовного кодекса Республики Казахстан. В силу своих особенностей насильственные преступления, предусмотренные данной статьей, в значительной части находятся в латентном состоянии. По данным регистрации их уровень является нестабильным и наблюдается тенденция к численному росту данных преступлений.

Согласно статистическим данным Комитета правовой статистики и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан, по Республике Казахстан в 2019 г. совершено 3 посягательства на жизнь сотрудника правоохранительного органа, сотрудника специального государственного

ного органа, военнослужащего, государственного инспектора по охране животного мира, инспектора специализированной организации по охране животного мира, егеря в 2020 г. – 8; в 2021 г. – 11, а в 2022 г. – 12 преступлений, предусмотренные ст. 380-1 УК РК¹. Представленная статистика свидетельствует о необходимости комплексного исследования уголовно-правовых и криминологических проблем, касающихся квалификации и предупреждения рассматриваемого преступления.

Одним из потерпевших от посягательства, предусмотренного ст. 380-1 УК РК, являются сотрудники полиции, которые выполняют функции по охране общественного порядка и обеспечению общественной безопасности, а также их близкие. Функциями по охране общественного порядка наделены и военнослужащие внутренних войск, задачами которых являются охрана общественного порядка, обеспечение общественной безопасности и обеспечение режима чрезвычайного положения.

Также потерпевшими от преступления, предусмотренного ст. 380-1 УК РК могут признаваться и их «близкие». Понятие «близкие родственники» раскрывается в п. 11 ст. 7 УПК РК, так близкими родственниками являются родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, бабушка, бабушка, внуки².

Верховный Суд Республики Казахстан в своем нормативном постановлении «О квалификации некоторых уголовных правонарушений против жизни и здоровья человека» от 11.05.2007 года отмечает, что под термин «близкие», подпадают и другие лица, которыми дорожит человек, осуществляющий служебную деятельность либо выполняющий профессиональный или общественный долг. При этом в каждом случае необходимо устанавливать заведомую осведомленность виновного об их близких взаимоотношениях³.

Исходя из анализа разъяснения, предложенного Верховным Судом Республики Казахстан, определенную сложность представляет элемент, заключающийся в заведомом для виновного характере взаимоотношений между «близкими». Поэтому в каждом случае требуется доказательство содержания интеллектуального момента умысла виновного.

При изучении непосредственного объекта уголовно-правовой охраны посягательства на жизнь сотрудника полиции, обратимся к существующим позициям ученых занимавшихся данной проблемой.

Анализ юридической литературы показывает, что существует точка зрения о понимании основного и дополнительного объектов посягательства на жизнь сотрудника правоохранительного органа, которая, в частности, представлена П.П. Осиповым. Этот автор утверждает, что непосредственным объектом посягательства на жизнь сотрудника правоохранительного органа «следует признать жизнь работников милиции и народных дружинников как субъектов управленческой деятельности в сфере охраны общественного порядка». Мотивируется это тем, что жизнь человека представляется значительно большей ценностью, чем порядок управления^{4, 461}.

Мы не согласны с данной позицией, поскольку она не согласуется с общим принципом уголовного законодательства и с общей теорией уголовного права. Согласно этой теории, основным объектом любого преступления являются общественные отношения, на нарушение которых направлен умысел виновного лица. Этот принцип уголовного права является приоритетным. Поэтому мы разделяем мнение И.Ш. Борчашвили, который полагает, что непосредственным объектом в составе ст. 380-1 УК РК необходимо признать общественные отношения, обеспечивающие деятельность органов управления и сотрудников правоохранительного, специального государственного органа, военнослужащих, государственных инспекторов по охране животного мира, егерей. Дополнительным объектом выступают общественные отношения, гарантирующие защиту жизни вышеперечисленных сотрудников и их близких^{5, 510}.

Не менее сложным при квалификации данного преступления является определение причинной связи посягательства на жизнь сотрудника полиции. Сознание виновным лицом характера деятельности потерпевшего имеет существенное значение при квалификации. Посягательство на жизнь сотрудника полиции или его близкого лица в данном случае должно осуществляться именно «в связи с выполнением ими служебных обязанностей либо из мести за выполнение служебных обязанностей», как указано в самом законе (ст. 380-1 УК РК).

Дискуссионным в науке уголовного права является и вопрос о понятии – «посягательство на жизнь сотрудника полиции». Авторы, исследовавшие данное понятие, определяют его по-разному. Некоторые предлагают расширить объем самого понятия «посягательство на жизнь». Так, по мнению И.Ф. Гришанина и М.П. Журавлева, в понятие посягательство на жизнь сотрудника правоохранительного органа следует включить: «Не только убийство и покушение на убийство, но и причинение тяжкого вреда здоровью, опасного для жизни»^{6, 30}. Согласно точки зрения С.В. Бородина, в данное понятие включается также «причинение тяжкого телесного повреждения, повлекшего смерть потерпевше-

го»^{7, 51}. По мнению Е.А. Козельцева, к посягательству на жизнь «относится только покушение на убийство сотрудника правоохранительного органа»^{8, 116}.

Бейімделген отбасы — бұл отбасы ішіндегі қарым-қатынастары келісушілікпен, өзара түсіністікпен, тұрақтылықпен сипатталатын отбасы. Сау отбасына қарағанда, ол жайсыздау, бірақ оның заңға бағынатын мүшелері отбасының басқа мүшелерінің мүдделеріне, мінездеріне, дәстүрлеріне, қылықтарына сәйкес негізгі мұқтаждықтарын қанағаттандырады, шеттету жоқ, оларда тұлғааралық қарым-қатынастардағы даулылықтың, шиеленушіліктің төмен деңгейі ерекшеленеді, тұрмысы өте жоғары деңгейде.

Девиантты отбасы — бұл жоғары әлеуметтік бақылауды қажет ететін отбасы.

Отбасы ішіндегі қылмыстық зорлық-зомбылық мән-жайларын анықтау — маңызды әрі өте күрделі міндет. Криминологияда қылмыс себептерінің мәселесі әрқашан ғалымдар мен практиктердің аса қызығушылықтарын туғызады, өйткені бұл мәселені шешу криминологиялық теорияның ғылыми

мазмұнын, оның қолданбалы бағыттылығын және құқық қорғау қызметінің негізгі жолдарын айқындайды.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық — бұл бақылау орнату мен өз билігін бекіту мақсатында күш көрсету, сөзбен, рухани және экономикалық қорлаудың қайталанатын, жиіленетін кезеңі, яғни бұл бір адам басқа адамның мінез-құлқы мен сезімін бақылайтын не бақылауға әрекет жасайтын жағдайы. Зорлық-зомбылық әдістері ретінде түрлі мінез-құлық болуы мүмкін, мысалы, жеке абырой сезімін кемсіту, өзін-өзі төмен бағалауына итермелеу, қорқыту, өзін кінәлі сезінуді, қорқуды, әлсіздігі мен толық тәуелді екендігіне сендіру.

Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылық дүниежүзінің барлық елдеріндегі алуан түрлі отбасыларында (қоғамның түрлі топтарында) орын алады және отбасының барлық мүшелеріне қатысты жасалады. Алайда жалпыланған санат болып есептелетін үйдегі зорлық-зомбылық ішінде жәбірленушілер мен құрбандар арасындағы қарым-қатынастардың табиғатын айқындайтын өзгеше санаттар бар екенін айта кету керек. Оларға, мысалы, балаларға, зайыбына немесе серіктесіне, сонымен қатар қарт адамдарға қатысты жасалған зорлық-зомбылықты жатқызуға болады.

Зорлық-зомбылықтың отбасы өміріне кеңінен енуі отбасының құлдырауына және отбасылық тәрбиелеу деңгейінің төмендеуіне әкеп соғатын қолайсыздыққа ұшырататын келеңсіздіктер бар, бұл балалардың қараусыз қалуына әкеп соғады және кәмілетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылық санының өсуіне (жеткіншектер маскүнемдікке, жезөкшелікке, сондай-ақ қылмыстық қызметке тартылады) мүмкіндік жасайды.

Жалпыланған санат ретіндегі үйдегі зорлық-зомбылық ішінде жәбірленуші және құрбан арасындағы қарым-қатынастардың табиғатымен, сонымен қатар өмірлерінің жағдайларымен айқындалатын өзгеше санаттар бар екенін айттық. Мысалы:

- балаларға қатыгездікпен қарау;
- зайыбына немесе серіктес адамына қарсы бағытталған зорлық-зомбылық;
- қарттарға қатысты зорлық-зомбылық.

Ғылыми зерттеулердің деректері бойынша белгілі бір түрдегі зорлық-зомбылық әр төртінші отбасы ішінде байқалады. Кісі өлтірудің жалпы санының шамамен 30 % отбасы ішінде жасалады. Тұрмыстық себептерге (қызғаншақтық, алкогольизм, бұзақылық) байланысты болып келеді, осыған дейін барлық қылмыстардың жартысы дерлік ұзақ уақыт отбасылық ұрыс-керістер болып келеді.

Отбасылық зорлық-зомбылықтан зардап шегетін тағы бір санат — балалар, олар өздеріне қатысты зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін жасайтын адамдарға құқықтық жағынан тәуелді болады. Оларды қинаушылар, әдетте, заң бойынша олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға міндетті ата-аналары болып табылады. 14 жасқа дейінгі баланы ата-анасы ұрады. Бұл кейде балалардың өліміне әкеп соғады, кейбіреулері ата-аналарынан құтылу үшін үйінен кетеді, ал кейбір кәмілетке толмаған балалар жоғалып, оларға іздеу жарияланған.

Ұлыбританияда өткізілген зерттеулерге сәйкес әр минут сайын тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы хабарлайтын 999 қоңырау тіркеледі, олардың құрбандарының 80 %-нан астамы әйелдер. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты зерттеу жөніндегі жобаның директоры профессор Станко деректерге талдау жүргізіп, жыл сайын бүкіл мемлекет ауқымында жарты миллионнан аса тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары тіркелетінін көрсетті. Сонымен қатар ол нақты жағдай одан да көп екеніне назар аударды, себебі көптеген оқиғалар тіркелмейді екен.

Қазақстанның мемлекеттік органдарының 2022 жылы өткізген сауалнамасына сәйкес сұралған әйелдердің 28 % өздерінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болғаны туралы айтқан. Сауалнамаға қатысушылардың көбісі тұрмыстық зорлық-зомбылық ретінде экономикалық құқықтарды кемсіту не психологиялық зорлық-зомбылықты емес, күш көрсету және жыныстық зорлық-зомбылық іс-әрекеттерін көрсеткен. Өкінішке орай, зорлық-зомбылықтың көп бөлігі балалар болған кезде жасалады, ұру мен зорлауды қоса алғанда, зорлық-зомбылық актілерінің шамамен 50 %-ы балалардың көзінше жасалады.

Елімізде 24 дағдарыс орталығы бар. Дағдарыс орталығының (зорлық-зомбылықты бастан кешірген әйелдер тобы құрған коммерциялық емес қоғамдық ұйым) сенім телефонына түскен қоңыраулар мен өтініштерге талдау және мониторинг жасалады, жұмыс кезінде орталық қызметтері бетпе-бет кеңес берулерді жүзеге асырады. Осыдан зорлық-зомбылық көбінесе туыстары тарапынан болатыны көрінеді, жиірек психикалық зорлық-зомбылықты пайдаланады.

Қазақстандағы отбасы жағдайын жақсарту тұжырымдамасы өз алдына мынадай мақсаттар мен міндеттерді белгіледі:

- отбасының кез келген мүшесіне қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оны жою;
- олардың құқықтарын қорғау.

Алайда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізудің барлық құралдары орындалды деп айтуға болмайды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесінде расында да құқық бұзушыны жазалау емес, отбасын қолдау және сақтау. Жазалау шараларынан гөрі алдын алу шараларын қарастыру, өмірлік қиын жағдайда жүрген әрбір адаммен жеке жұмыс жүргізу сияқты принциптер басшылыққа алынууда. Жасөспірімдер мен отбасына қатысты істерді қарайтын арнайы мамандандырылған соттар да құрылып жатыр. Демек тұрмыстық зорлық-зомбылық шараларының себеп салдарына тереңірек үніліп, алдын алу жұмыстарының арқасында оның деңгейін төмендетудің кешенді шаралары арту керек.

Дуашева А.Д.,

*жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің магистранты,
полиция аға лейтенанты*

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың әлеуметтік болмысы

Қоғам үшін ең бастысы — тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі — заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық — адам бостандығы.

Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау — конституциялық заңдылықтың басты талабы.

Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі — бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер зорлық-зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтаған болса, онда тұрмыстық зорлық-зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді.

Ол — жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар — жұбайлар мен балалар.

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың физикалық денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады. Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады^{1, 1}.

Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық — адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін.

Жан азабын шектірген зорлық — жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік жігерін жасыту үшін қорқыту, адамның психикасына әсер ету. Жан азабын шектірген зорлық жүйке ауруына немесе тіпті жан ауруына ұшыратуы мүмкін. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жайлар болып табылады.

Елімізде зорлық-зомбылыққа қатысты 20 дағдарыс орталығы бар.

Әйелдер мен балаларға арналған зорлық-зомбылық проблемасы елімізде елеулі мөлшерде асқынды. Статистикалық мәліметке қарағанда елде жыл ішінде 500-дей әйел мен бала тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбаны болады екен. Отбасылардың ажырасуының басты бір себебі — жанұядағы зорлық-зомбылық. «Отбасылық қарым-қатынаста дағдарыс туындағанда одан ешкімнің ештеңесі кетпейді» деген түсініктен арылу керек.

Кікілжіңі көп болатын отбасында өскен балалар есейген соң не әкесінің, не шешесінің отбасында өзін-өзі ұстау үлгісін алады^{2, 1-2}.

Зорлықтың түрлері:

- Эмоциялық зорлық — балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу;
- Физикалық зорлық — отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық;
- Қауіп-қатер — отбасын тастап кетемін деп қорқыту, әйелін немесе балаларын ұру, өз-өзіне қол жұмсауға итермелеу;

– Балаларды анасына қарсы қолдану, әйелін өз балаларын ешқашан көрсетпейтіндігімен қорқыту, қорқытатын жолдауларды беру үшін балаларды қолдану.

Физикалық жағынан көңіл аудармау дегеніміз дер кезінде балаға медициналық көмек көрсетпеу, баланы үйден шығармау, тамақтандырмау келеңсіздіктері жатады. Эмоционалдық көңіл аудармау, баланың көзінше ата-аналардың ұрыс-керіс шығарып төбелесуі, ішімдік ішіп, темекі шегулері жатады. Физикалық зорлық-зомбылық — бұл кеңінен тараған жәбірленудің бір түрі. Осы жәбірленуде көбінесе отбасында баланы ұрып-соғу жағдайлары жиі кездеседі.

Сондай-ақ ата-ана тарапынан балаға қатаң талаптарды жүктеу арқылы да зорлық көрсету белгілері білінеді. Физикалық күштеу кезеңінде ата-аналар көбінесе баланың денсаулығында ақаулық бар деген 28 күдікте болады. Медициналық зерттеулер қорытындысына да жүгінеді. Алайда психологиялық аурудың бұл түрі балада емес, ата-анасында деген қорытындыға келеміз. Эмоционалдық зорлық-зомбылық балаларда жеті түрлі жағдайда кездеседі: балаға деген жайсыздықты ата-ананың жоққа шығаруы; жеке қамауда ұстау; баланы бопсалау; елемеушілік; балағаттау; сөз жүзінде жүйкесіне тию; балаға қысым көрсету; қазіргі таңда жоғарыдағы зорлық-зомбылықтардың он пайызы ғана хабарланғаны белгілі болып отыр. Бұл түрін сарапшылар баланың қорыққандығы мен үрейленгендіктен хабарланбайды деген қорытынды жасалып отыр^{3, 2-4}.

Жыл сайын 25 қарашада бүкіл әлемде әйелдердің қоғамдық ұйымдары зорлық-зомбылыққа қарсы акциялар өткізеді. Міне, он жылдай болды, бұл күн зорлық-зомбылықты жою жөніндегі халықаралық күн деп танылған. Ал негізгі әйелдер құқығын қорғау болып табылатын ұйымдарға әлемнің 91 елінің өкілдері қосылды. Республиканың барлық аумағында осы акцияны қолдау мақсатында «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі онкүндік» акциясы өткізіледі.

Бейкүнә балаға қатыгездік жасау тек психикалық ауруға ұшырағандардың қолынан келеді. Балаға зорлық-зомбылық таныту отбасылық жағдайларда жиі кездеседі. Бұған себеп ата-ананың ұрыс-керісі, ішімдік, есірткінің зардаптары. Балаларды ұрлап кетіп, оны саудалау, ауыр жұмысқа салып қою немесе дене мүшелерін сату факторлары жиі кездесіп отыр. Зорлық-зомбылық көрген баланың бойын үрей билейтіні анық, осындай қылмысты балалардың жасырып қалуынан, зорлық-зомбылықтың алдын алу мүмкін болмай жатыр. Бала — еліміздің жарқын болашағы. Мұндай қатыгездіктердің алдын алып, балалардың өмірін қорғауымыз керек.

Қазақстандағы тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңды қабылдау қажеттігі туындады. Зорлық-зомбылық дағдарыстан шығу және даму кезіндегі еліміздегі адамзат әлеуетіне қажеттігі де туындап отырғандығын ескертеді.

Қазақ халқының дана сөзі бар: «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана қол көтереді». Бұны халық жазылмаған заң деп санап, осы уақытқа дейін сақтап келеді, алайда өкінішке орай кейбір ер адамдар ұмытып кеткен сыңайлы.

«Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» — демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады.

«Ана — сая болар бағың болса, әке — асқар тауың» дейді қазақта. Бір күн бар жылатар күн, жұбатар күн. Бір күн бар қуантар күн мұнайтар күн. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туады, адам айтса наньсыз» дейді халқымыз.

Отбасындағы ата-ананың мінез-құлқы баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашақорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп, зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді⁴.

Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі — жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасын ойран етеді, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Зорлық-зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. «Тәрбиесіздік — ол адамзаттың қас жауы, тәрбиесіз берілген білім келешекте адам өміріне апат әкеледі» деген болатын ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби. Ұлтымыздың қанындағы ізеттілік дәрекілікке, қайырымдылық қатыгездікке, жомарттық тоғышарлыққа, адалдық арамдыққа, парасаттылық парасыздыққа ауыспасын деген үлкен үміт тұр. Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру жоспарының 29-тармағына сәйкес 2004 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тағайындауымен «Тұрмыстық зорлық-әлеуметтік зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» заң жобасы әзірленді.

Зорлық-зомбылықтың себептері өте көп. Олар әлеуметтік, психологиялық, экономикалық және өзге де факторлардың үйлесуімен айқындалады, олардың ешқайсысына осы құбылыс үшін жауапкершілік артылмайды.

Қоғамның мәдени дамуының жалпы деңгейі зорлық-зомбылықтың ең күрделі әрі маңызды себептерінің бірі болып табылады.

¹ Джекебаев У.С. О социально-психологических аспектах. — Алма-Ата, 1971.

² Абай. Қара сөздер // www.nabrk.kz.

³ Сарсенбаев Т.Е. Теория и практика охраны прав и законных интересов беспомощных жертв преступления в досудебном производстве (по материалам Казахстана и России): Автореф.: дисс. ... д-ра юрид. наук. — М., 2005.

⁴ Шестаков Д.А. Криминология: Новые подходы к преступлению и преступности: Противодействие преступности в изменяющемся мире: Учебн. 2-е изд., перераб. и доп. / Предисл. В.П. Сальникова. — СПб.: Издательство Р. Асланова Юридический центр Пресс, 2006.

III.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨЗЕКТІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРЛЕРГЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ: БУЛЛИНГ, ИНТЕРНЕТ-ҚЫЛМЫС, СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ

ПРАВОВАЯ ЗАЩИТА И ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ АКТУАЛЬНЫХ УГРОЗ: БУЛЛИНГ, ИНТЕРНЕТ-ПРЕСТУПНОСТЬ, СИНТЕТИЧЕСКИЕ НАРКОТИКИ

D.A. Akhmetov,
Lecturer at the Department of Criminalistics,
Specialist of Law Police senior lieutenant
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beysenov)

Issues of first responders working with digital evidences in Republic of Kazakhstan

Nowadays, the modernity of society is at significantly high level. Innovation process of the first two decades of millennium lead to expect any kind of development direction of technologies. It means that any sphere of fast and light interaction between states, societies and individuals is due to progress in development of electronic «ecosystem» such as internet, smartphones, personal computers, etc.

In light of those innovational processes, we equally observe the progress of ways of variable crimes being committed in this sphere too. The speed with which the criminal environment develops does not allow an objective approach to the police investigation. Unfortunately, growth of crimes committed using information technologies was expected due to the listed above facts. Data has been obtained according to statistical report of the Committee on Legal Statistics and Special Accounts of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan by the year 2022. During its research, it has been observed that the number of cybercrimes, including internet frauds, illegal information accesses, in information system or network of telecommunications and any other criminal offenses in the field of informatization and communication is increasing annually. Another key fact to pay attention on is that numerous cybercrime cases were dismissed or the pre-trial investigation periods are interrupted¹. Causes are different: beginning from evidence lack ending with wrong evidence collecting process during investigating crime scene or other investigation actions. Unfortunately, few studies have been carried out on cybercrime investigations.

Conversely, we cannot underestimate attempts of legislative and law enforcement organizations to prevent such kind of crimes and to cover all spheres of social relations that under law protection. It includes variety of methods, ways and tactics of investigating cybercrime from the point of view of criminalistics as science. Another key fact to remember is that for working with digital evidences, which is unsettled field of this science compared to the other ones, there is a need in special knowledge. As a consequence, an investigator as a head of operative-investigative group should have criminalistic-forensical skills and knowledge: firstly, to successfully solve tactical problems arising during the investigation; secondly, for the avoidance of multiple tactical mistakes, which are conscientious delusions based on insufficient professionalism².

Last, but not least fact to mention is that Kazakhstan is not member of Convention on Cybercrime of the Council of Europe, which was opened for signature in Budapest in 23rd of November, 2001. It remains the most relevant international agreement on cybercrime and electronic evidence. Membership keeps growing, while both the quality of implementation and the level of cooperation between Parties keep improving, and the treaty itself is evolving to meet new challenges³.

However, it is still a major problem with this kind of crime investigations is an absence of knowledge of first responding officers during crime scene investigation or committing any other types of investigative actions. This is a known concern with the law enforcement and investigating community.

This thesis intends to determine the ways of solution to these issues.

First and foremost, integration in educational process of higher educational establishments studying programs of cybersecurity basics. We agree with Chernyshov V.N. and Loskutova E.S., who reflected in their article «Problems of collecting and use of digital proofs» next statement: «features of collecting electronic evidence»:

- efficiency in the process of collecting digital evidence;
- participation of a competent person with sufficient knowledge;
- availability of special devices with the necessary functions for collecting evidence (personal computer, mobile device)⁴.

However, their conclusion would have been much more convincing if authors had included breaches in educational process, that should be subjected to correction. Deploying in studying programs Guidelines for digital forensics first responders developed by INTERPOL, Cyber security incident management guide developed by Belgium Centre for Cyber security, Cyber Security Incident Response Guide developed by CREST, Computer Security Incident Handling Guide developed by National Institute of Standards and Technology, Responding to IT Security Incidents developed by Microsoft TechNet, etc. would have a positive effect on learning environment.

Secondly, we suppose and allow that by entering Budapest Convention on Cybercrime of the Council of Europe, regulatory legal acts of Kazakhstan will synchronize and improve on that region of regulations to the level, so that investigating process of cybercrimes would be more convenient. And equally important that cybersecurity experience exchange among countries is one of the ways to improve fight effectiveness against criminal offenses in sphere of informatization and communication.

Summing up, these findings suggest several courses of action for law enforcement organizations and for higher educational establishments. By rising such kind of problems, we are sure, that the direction and trends of improvement and development in fighting against cybercrime is known. Mainly, success of investigation for the most part depend on how first responders deal with digital evidences. It means, that methods of committing initial investigative actions should be worked and studied out in detail and comprehensive way.

¹ CLSnSA Statistical Report «About registered criminal offenses (MIA)» // The Internet portal of the Committee on Legal Statistics and Special Accounts of the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan URL: https://qamqor.gov.kz/crimestat/files/2022/12/19/202212_1m_00300__ru.XLSX (date of application: 31.03.2023).

² S.Yu. Yakushin. Tactical Tasks in the Investigation of Crimes: Definition and Types. // Учен. зап. Казан. ун-та. Сер. Гуманит. науки. — 2010. — № 4. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/takticheskie-zadachi-pri-rassledovanii-prestupleniy-ponyatie-i-vidy> (date of application: 01.04.2023).

³ Convention on Cybercrime (Budapest, 23rd of November, 2001).

⁴ Chernyshov Vladimir Nikolaevich, Loskutova Ekaterina Sergeevna Problems of collecting and use of digital proofs // Social-economic facts and processes. — 2017. — № 5. // URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-sobiraniya-i-ispolzovaniya-tsifrovyyh-dokazatelstv> (date of application: 01.04.2023).

Байдалиева А.Е.,

магистрант факультета послевузовского образования,

старший лейтенант полиции

(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова)

**Актуальные проблемы расследования уголовных правонарушений,
совершаемых посредством использования сетей телекоммуникаций,
в том числе сети Интернет**

В условиях роста преступности в последние годы в Казахстане увеличивается и количество правонарушений, совершаемых с использованием сетей телекоммуникаций, в том числе сети Интернет¹. Сегодня мы наблюдаем грандиозное явление, называемое технологическим прогрессом. Компьютеризация практически всех сфер общественной жизни открывает новые возможности в развитии экономики, медицины и образования. В то же время это способствовало резкому росту уголовных правонарушений, совершаемых с помощью сетей телекоммуникаций, в том числе сети Интернет. Основными причинами роста этих преступлений являются низкий доход населения и отсутствие знаний в области информационных систем. Вышеперечисленные факторы способствуют распространению данного вида преступности, что, в свою очередь, создает у преступников ощущение безнаказанности и подрывает веру простых людей в справедливость.

Борьба с данным видом преступлений затрудняется из-за наличия проблем при его расследовании, так как киберпреступления имеют ряд особенностей. Часто следователи сталкиваются с трудностями в ходе расследования уголовных правонарушений, совершаемых посредством сетей телекоммуникаций и сети Интернет. В основном трудности возникают в связи с нехваткой знаний и навыков при расследовании данных видов уголовных правонарушений. Большая часть следователей имеют высшее юридическое образование и владеют компьютерными навыками на уровне среднего пользователя, и только меньшая часть имеют дополнительное информационное образование и навыки владения компьютером на уровне продвинутого пользователя.

Киберпреступления относятся к латентным видам преступлений и процент раскрытия данного вида преступлений невысок, отчасти потому, что потерпевшие зачастую ничего не знают об их совершении или узнают об этом лишь по истечении определенного промежутка времени. Так, к примеру, незаконное копирование информации очень часто остается незамеченным, а введение в компьютер вируса обычно объясняется непреднамеренной ошибкой пользователя². Большой частью пострадавших от данного вида преступлений являются крупные коммерческие предприятия, которые не торопятся обращаться в правоохранительные органы со страхом подрыва своей деловой репутации. Если же потерпевшим окажется физическое лицо, то они иногда предпочитают не обращаться в полицию из-за боязни разглашения в ходе следствия сведений личного и интимного характера.

Одной из значимых характеристик является трансграничный характер преступления, то есть преступники не ограничиваются территорией одного государства. В основном в ходе расследования данных преступлений необходимо международное сотрудничество, так как субъект преступления и потерпевшее лицо могут находиться в разных государствах. На сегодняшний день имеется проблема разной степени разработанности вопроса о международном сотрудничестве при расследовании киберпреступлений на законодательном уровне, то есть отсутствует единый глобальный правовой акт, регулирующий вопросы порядка борьбы с киберпреступлениями. Стоит отметить, что в Республике Казахстан отсутствует нормативно-правовой акт, регламентирующий порядок предупреждения и профилактики киберпреступлений.

Киберпреступники пользуются доступными для всех VPN и VPS-серверами, то есть виртуальная частная сеть и сервер, что обеспечивает им высокую анонимность. С помощью данных технологий обеспечивается анонимность трафика, виртуальных номеров мобильных телефонов, криптовалютных кошельков, создание которых не требует каких-либо паспортных данных, что дают преступнику полностью скрыть свою личность. В случае, если следствию удастся установить электронное устройство как орудие совершения уголовного правонарушения, то установить совершение преступления конкретным лицом бывает сложно.

Самая главная проблема при расследовании киберпреступлений связана с невозможностью применить стандартный алгоритм расследования, так как следственные действия, предусмотренные уголовно-процессуальным кодексом, будут малоэффективны. К примеру, осмотр места происшествия при расследовании киберпреступлений имеет ряд характеристик. Во-первых, возникает вопрос, что именно будет считаться местом преступления с процессуальной точки зрения (например, в случаях, когда преступником была совершена хакерская атака): место нахождения хакера во время атаки, место написания им вредоносной программы, адрес потерпевшего, место обналичивания денег (при совершении атак на финансовые организации), или какое-либо иное место? Учитывая, что киберпреступления совершаются в так называемом «виртуальном пространстве», некоторые исследователи предлагают считать местом происшествия определенный диапазон виртуального (информационного) пространства³. Осмотр места происшествия имеет свои особенности, поскольку работа ведется не по условным следам, а по электронным следам. Электронные следы бывают двух видов: активные и пассивные. К первому виду относятся следы, то есть информация, которую пользователь вводит сам, это могут быть анкетные данные, аккаунты в социальных сетях и других сайтах. Пассивные следы пользователи оставляют по незнанию при работе с программным обеспечением.

Допрос подозреваемого лица также имеет свои трудности. Основная проблема в том, что подозреваемое лицо всегда даёт показания с использованием специфических терминов и выражений, которое человеку без соответствующих знаний и подготовки в области информационных технологий трудно понять. После чего следователю необходимо с привлечением соответствующего специалиста перевести данные термины и выражения на юридический язык для понимания всеми участниками процесса. Однако присутствие специалиста при допросе подозреваемого может негативно сказаться на результатах допроса по ряду причин⁴. Во-первых, присутствие специалиста, как и любого другого третьего лица, является препятствием для установления психологического контакта между следователем и допрашиваемым. Во-вторых, подозреваемое лицо осознает, что следователь не понимает харак-

тера совершенного им противоправного деяния и механизма его совершения, соответственно возникает мысль о возможности ввести следствие в заблуждение. Аналогичные трудности возникают и в ходе допроса свидетелей по уголовному делу. Это связано с тем, что у большинства свидетелей нет представления и понимания произошедшего из-за отсутствия специальных знаний.

Всегда при расследовании киберпреступлений изымаются компьютерное и периферийное оборудование, электронные запоминающие устройства и другие. При этом следователю необходима помощь специалиста, так как сбор и транспортировка таких предметов имеет свои особенности. Кроме того, специалист оценивает состояние технического оборудования, наличие механических повреждений, наличие угрозы потери информации хранящейся в них.

Важным этапом расследования уголовных дел, связанных с киберпреступлениями, станет назначение компьютерно-технической экспертизы. Поскольку данный вид преступлений появился относительно недавно, количество экспертных организаций, имеющих специалистов в этой области, невелико. В связи с этим возникает проблема перегруженности данных экспертных учреждений, что приводит к увеличению времени проведения экспертиз. Также важным аспектом назначения компьютерно-технической экспертизы будет постановка грамотных вопросов к эксперту, что может быть связано с отсутствием у следователя специальных знаний в области вычислительной техники и информационных технологий.

Подводя итог, можно сделать вывод о том, что имеется потребность в принятии нормативно-правового акта для регулирования вопросов по профилактике, предупреждению и противодействию киберпреступлений. Принятие данного закона будет способствовать систематизации и сокращению количества нормативных правовых актов в указанной сфере, совершенствованию системы предупреждения преступности в сфере сетей телекоммуникаций, в том числе сети Интернет⁵. Также для успешного и качественного расследования преступлений, совершаемых посредством использования сетей телекоммуникаций и сети Интернет необходимо наличие у следователей базовых теоретических и информационных знаний, а также постоянное повышение их квалификации и материально-технической базы. Надлежит регулярное проведение мероприятий по правовому воспитанию населения с разъяснением о том, какие существуют виды киберпреступлений и способах обезопасить себя и свои устройства от них. (Не сообщать третьим лицам какую-либо личную информацию о себе, устанавливать антивирусы на устройства или двухфакторную аутентификацию, создавать сложные пароли, не переходить по неизвестным ссылкам и другие).

¹ Еспергенова Е.В. Меры уголовно-правового характера в вопросах предупреждения киберпреступлений в Республике Казахстан // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2022. — № 1(75). — С. 26–30

² Долженко Н.И., Ярощук И.А. Киберпреступность как одна из ключевых проблем современности // Legal Concept. — 2020. — № 1. — С. 151–157.

³ Протасевич А.А., Зверьянская Л.П. Особенности осмотра места происшествия по делам о киберпреступлениях // Baikal Research Journal. — 2013. — № 2. — С. 23.

⁴ Смирнова И.Г., Коломинов В.В. Тактические особенности производства допроса по делам о преступлениях в сфере компьютерной информации // Baikal Research Journal. — 2015. — № 3. — С. 27.

⁵ Еспергенова Е.В. Некоторые вопросы совершенствования системы предупреждения правонарушений, совершаемых с использованием сетей телекоммуникаций, в том числе сети Интернет // «Хабаршы — Вестник» Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова. — 2022. — № 4(78). — С. 4–8

Ж.С. Бижанова,

*қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы,
полиция майоры*

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

Киберқылмыстылық ұғымы және осы саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жіктелуі

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар қоғамы компьютерлік техниканы, байланыс желілерін, мобильді байланыс құралдарын және басқа да техникалық құралдарды күнделікті қолдануға негізделген.

Мемлекеттік құрылымдардың, банктік, энергетикалық, көліктік және басқа да көптеген жүйелердің күнделікті қызметі компьютерлік техника мен коммуникация құралдарының сенімді жұмысынсыз мүмкін болмайды.

Ақпараттық технологиялар тек жұмыс орнында ғана емес, адам өмірінің барлық салаларына еніп, қазіргі заманғы адамның тұрақты серігіне айналды.

Мұнымен қоса бұл тенденциялар әркім планетаның кез келген нүктесінде кез келген ақпаратқа қол жеткізе алатын, активтерді қашықтықтан басқаруды жүзеге асыратын, шетелдік шаруашылық жүргізуші субъектілермен жеке байланыс қажет етпестен шаруашылық келісімшарттар жасай алатын бірыңғай әлемдік ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына алып келді¹.

Өкінішке орай мұндай прогрессивтік жаңашылдықтар адамзатқа игілігін ғана сыйлап қана қоймай, өзінің теріс әсерін тигізіп те үлгерді. Мәселен, ақпараттық кеңістік қылмыстың жасалу орны мен оның тікелей құралына да айналып отыр.

Қазіргі таңда ғылыми әдебиетте киберқылмыстылық термині кеңінен қолданылады. Осы терминге талдау жасайтын болсақ, алдымыздан келесідей көрініс ашылады.

К.Н. Евдокимовтың пікірінше, «киберқылмыстылық» термині тек ақпараттық жүйелер және ақпараттық-телекоммуникациялық желілер кеңістігінде не ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып жасалған компьютерлік қылмыстардың жиынтығына қатысты қолданылуы тиіс. Бұл ретте автор «Интернет-қылмыстылық» ұғымы «киберқылмыстылық» ұғымымен қамтылатынын атап өтеді, себебі ғаламдық Интернет желісі киберқылмыскерлер заңсыз мақсатта пайдалана алатын көптеген ақпараттық-телекоммуникациялық желілердің бірі ғана болып табылады. Зерттеуші техникалық тұрғыдан алғанда ақпараттық-телекоммуникациялық желілер тек қылмыстық мақсатта компьютерлік ақпаратты беру құралы болып табылатындықтан, ал компьютерлік ақпаратты жасау, өңдеу, сақтау бойынша негізгі қылмыстық әрекеттерді бұрынғысынша компьютерлер мен әртүрлі компьютерлік құрылғылар орындайтындықтан, «компьютерлік қылмыстылық» «киберқылмыстылыққа» қатысты тектік ұғым ретінде қызмет етеді деп санайды².

Автор компьютерлік қылмыстылықты түсінуге бағытталған көзқарастар мен әртүрлі тәсілдерді талдау негізінде бұл теріс әлеуметтік құбылысты тар және кең мағынада қарастыруды ұсынады. Ғалым компьютерлік қылмыс туралы тар мағынада белгілі бір уақыт кезеңінде белгілі бір аумақта адамдар жасаған қылмыстардың жиынтығын түсінуді ұсынады, мұнда қылмыстық қол сұғушылықтың негізгі объектісі компьютерлік ақпараттың және оны іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, беру, тарату, қорғау құралдарының және ақпараттық-коммуникациялық құрылғылардың қауіпсіз жұмыс істеуі саласындағы қатынастар болып табылады, ал компьютерлік ақпарат, компьютерлік желілер, ақпараттық-телекоммуникациялық желілер; компьютерлік ақпаратты жасау, сақтау, өңдеу, беру құралдары қылмыстық қол сұғушылықтың нысаны ғана емес, сонымен бірге қылмыс жасау құралы ретінде де пайдаланылады.

Сондықтан компьютерлік қылмыс өзінің «тар мағынасында» «киберқылмыстылық», «интернет-қылмыстылық», «компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстылық», «ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс» сияқты ұғымдардың көлемі мен мазмұны жағынан кеңірек, себебі қылмыс құрамының объективті және субъективті белгілері тұрғысынан (қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі мен нысаны; іс-әрекет түрі; қылмыстың тәсілі, құралдары; қылмыстың жалпы және арнайы субъектілері және т. б.) оларды қамтиды^{2, 30-31}.

К.Н. Евдокимовтың логикасына сүйене отырып, қарастырылып отырған қылмыстар санатына Қазақстан Республикасы ҚК-нің «Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталатын 7-тарауында бекітілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық құрамдары жатқызылуы мүмкін деп есептейміз.

Автордың пікірінше, өз кезегінде компьютерлік қылмыс кең мағынада адамдардың компьютерлік және өзге де IT-технологияларды жеке, өзіншіл және өзге де қылмыстық мақсаттарда пайдалануы нәтижесінде туындаған заңсыз және теріс әлеуметтік құбылыс болып табылады, ол әлеуметтік қауіпті салдардың туындауына әкеп соғуы мүмкін^{2, 30-31}. Ғалымның осы тұжырымына сүйене отырып, біз қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылық санатына телекоммуникация желілерінің, соның ішінде Интернет желісінің көмегімен жасалған барлық қылмыстарды жатқызуға болады деп санаймыз. Ұқсас жіктеуді отандық зерттеушілер Ж.Ю. Сайлибаева мен А. Ботпаева да ұсынады. Зерттеушілердің пікірінше, қол сұғу объектісі мен нысанына байланысты отандық және шетелдік қылмыстық құқықта көзделген барлық компьютерлік қылмыстық құқық бұзушылықтарды екі топқа бөлуге болады:

- компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар;

- компьютерлік ақпарат басқа қылмыстың қаруы немесе құралы болып табылатын құқық бұзушылықтар³.

Бұл ретте бірінші топқа Қазақстан Республикасы ҚК 7-тарауын, екіншісіне телекоммуникация желілерін, соның ішінде интернет желісін пайдалану арқылы жасалатын барлық қылмыстық құқық бұзушылықтарды жатқызуға болады.

Телекоммуникация желілерін, оның ішінде интернет желісін пайдалана отырып жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың бұл жіктемесі тұтастай алғанда 2001 жылғы 23 қарашадағы компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыс туралы Еуропа Кеңесінің конвенциясында бекітілген компьютерлік қылмыстардың бес тобын қамтитын жіктемесіне сәйкес келеді:

1) компьютерлік деректер мен жүйелердің құпиялылығына, тұтастығына және қолжетімділігіне қарсы қылмыстар;

2) компьютерлік құралдарды пайдаланумен байланысты құқық бұзушылықтар;

3) компьютерлік деректердің мазмұнына байланысты құқық бұзушылықтар;

4) авторлық құқық пен сабақтас құқықтардың бұзылуына байланысты құқық бұзушылықтар;

5) компьютерлік желілер арқылы жасалған нәсілшілдік және ксенофобия актілер⁴.

Сонымен жоғарыда келтірілген жіктемеге сәйкес компьютерлік ақпарат саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға «Ақпаратқа, ақпараттық жүйеге немесе ақпараттық-коммуникациялық желіге құқыққа сыйымсыз қол жеткізу» (ҚК 205-бабы); «Ақпаратты құқыққа сыйымсыз жою немесе түрлендіру» (ҚК 206-бабы); «Ақпараттық жүйенің немесе ақпараттық-коммуникациялық желінің жұмысын бұзу» (ҚК 207-бабы); «Ақпаратты құқыққа сыйымсыз иеленіп алу» (ҚК 208-бабы); «Ақпаратты беруге мәжбүрлеу» (ҚК 209-бабы); «Зиян келтіретін компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді жасау, пайдалану немесе тарату» (ҚК 210-бабы); «Қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды құқыққа сыйымсыз тарату» (ҚК 211-бабы); «Құқыққа қайшы мақсаттарды көздейтін интернет-ресурстарды орналастыру үшін қызметтер ұсыну» (ҚК 212-бабы) және «Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының сәйкестендіру кодын, абонентті сәйкестендіру құрылғысын құқыққа сыйымсыз өзгерту, сондай-ақ абоненттік құрылғының сәйкестендіру кодын өзгерту үшін бағдарламаларды жасау, пайдалану, тарату» (ҚК 213-бабы) жатқызамыз.

Сәйкесінше компьютерлік ақпарат басқа қылмыстың қаруы немесе құралы болып табылатын құқық бұзушылықтар қатарына «Ақпараттық жүйені пайдаланушының сенімін алдау немесе теріс пайдалану арқылы жасалған алаяқтық» (ҚК 190-бабының 2-бөлігінің 4-тармағы); «Телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желілерін пайдалану арқылы өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» (ҚК 105-бабы 4-тармағының 2-бөлігі); «Көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып жасалған қорлау» (ҚК 131-бабы 2-бабы); «Кәмелетке толмағанды телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желілерін пайдалану арқылы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту» (ҚК-нің 132-бабы 2-бөлігі); «Кәмелетке толмағанды телекоммуникация желілерін, оның ішінде Интернет желілерін пайдалану арқылы жезөкшелікпен айналысуға тарту» (ҚК 134-бабы 3-бөлім 1-1-тармақ); «Адам өзінің қызмет бабын немесе ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып жасаған не электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйеге заңсыз кіру немесе телекоммуникациялар желісі бойынша берілетін ақпаратты заңсыз ұстап қалу жолымен жасалған хат жазысу, телефонмен сөйлесу, пошта, телеграф хабарлары немесе өзге де хабарлар құпиясын заңсыз бұзу» (ҚК 148-бабы 2-бабы); «Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын лауазымды адам жасаған агрессивті соғысты бастауға насихаттау немесе жария түрде шақыру» (ҚК 161-бабы 2-бабы); «Бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникация желілерін пайдалана отырып, әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, таптық немесе діни араздықты қоздыру» (ҚК 174-бабы 1-бөлігі); Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестік лидері жасаған не бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған не адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, оның ішінде шетелдік көздерден алынған қаражат пайдаланыла отырып жасалған билікті басып алуды немесе ұстап тұруды насихаттау немесе оған жария түрде шақыру, сол сияқты билікті басып алу немесе ұстап тұру не Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгерту (ҚК 179-бабы 2-бөлігі) және т.б. кіреді.

Қорытындылай келе, киберқылмыстылық ұғымының мазмұнын дәл анықтау осы санаттағы қылмыстық құқық бұзушылықтарды дұрыс жіктеуге мүмкіндік береді деген пікірге келеміз.

- ¹ Киберқылмыс және ақшаны жылыстату тақырыбындағы типологиялық зерттеу жобасы. Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ. — 2014 // https://eurasiangroup.org/files/Typologii%20EAG/Tipologiya_kiber_EAG_2014.pdf.
- ² Евдокимов К.Н. Компьютерлік қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл: теория, заңнама, практика. 12.00.08 – «Қылмыстық құқық және криминология; қылмыстық-атқару құқығы» мамандығы бойынша заң ғыл. докт. ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертация. — Мәскеу, 2021. — 29-30 бет.
- ³ Сайлибаева Ж.Ю., Ботпаева А. Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар: мәселелері мен болашағы // <https://articlekz.com/article/18691>
- ⁴ Компьютерлік қылмыстар туралы конвенция (Еуропа Кеңесінің киберқылмыс туралы конвенциясы, Cybercrime CETS Конвенциясы № 185) (Будапешт, 23 қараша 2001 ж.) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30170556

Володько И.В.,

*магистрант факультета послевузовского образования, лейтенант полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова)*

Кибертерроризм как угроза информационной безопасности Республики Казахстан: актуальные проблемы противодействия и квалификации

Во всем мире активно идет процесс цифровизации. В Республике Казахстан данный процесс был запущен еще в 2006 году и ознаменовался появлением электронного портала «Правительство для граждан». В настоящее время удельный вес пользователей интернет-пространства в Республике Казахстан в возрасте от 6 до 74 лет составляет около 88,2 % от общего числа населения страны.

Цифровизация имеет как позитивные, так и негативные стороны. К последним относится появление новой категории преступлений, совершаемых с использованием информационных технологий. Республику Казахстан проблема преступности в киберпространстве также не обошла стороной.

Одним из так называемых «киберпреступлений», получающим распространение в настоящий момент, является кибертерроризм. Что же представляет из себя это явление и в чем выражается опасность «кибертерроризма»?

Кибертерроризм или же компьютерный терроризм — использование компьютерных и телекоммуникационных технологий в террористических целях¹. Целью компьютерного терроризма также является нарушение общественной безопасности, устрашения населения, оказания воздействия на принятие решений государственными органами, иностранным государством или международной организацией, провокации войны либо осложнения международных отношений².

В современных реалиях угроза распространения компьютерного терроризма на территории Республики Казахстан не может быть проигнорирована. Ведутся масштабные работы по пресечению деятельности экстремистских и террористических организаций в Интернет-пространстве. По данным КНБ РК в 2022 году на стадии подготовки предотвращено 3 теракта. Техническими подразделениями КНБ отражено 341,8 млн кибер- и 2 954 DDoS-атак на объекты критической инфраструктуры³.

Также ранее были предприняты меры для обеспечения защиты информационного пространства страны. В частности, в 2017 году была разработана концепция кибербезопасности для противодействия экстремистским и террористическим организациям и их пропаганде в Интернете.

Кибертерроризм как новое и недостаточно изученное явление требует особого внимания и подходов к решению этой опасной для человечества проблемы. Кроме того доказано, что вербовка террористов часто осуществляется через каналы Интернет-связи, что является очевидным фактом. Самые передовые технологии насилия и сознательного программирования наглядно демонстрируются на сайтах, специально созданных террористами.

По данным Комитета по делам религий при Министерстве информации и общественного развития, государством проводится регулярный мониторинг для определения деструктивных материалов в интернет-пространстве: сайты, порталы, форумы и т. д. После данного мониторинга проводится богословская экспертиза интернет-ресурса и только затем принимается решение носит ли данный ресурс «деструктивный характер» или «есть ли в нем признаки религиозного терроризма/экстремизма»⁴.

Однозначного определения компьютерного терроризма в уголовном законодательстве не предусмотрено. Как правило, террористические атаки, совершаемые с использованием информационных технологий, относят к проявлению так называемого «обычного терроризма». Однако в Уголовном кодексе Республики Казахстан в статье 255 «Акт терроризма» данный квалифицирующий признак не

указан, что создает весомые проблемы при квалификации и дальнейшем расследовании данного уголовного правонарушения.

Тактикалық-психологиялық әдістерді қолдана отырып, жауап алу процесі арқылы орын алған құқық бұзушылықтың мән-жайлары жөнінде қажетті деректерді толыққанды алып, қылмыстарды ашу, заңды дәлелдемелерді толықтыру мақсатында пайдалануға болады. Қылмыстық іс жүргізу барысында жауап беретін адамнан (жәбірленуші, куә, күдікті және т. б.) жауап алудың әртүрлі айла-тәсілдері бар, бірақ жауап алу қатаң түрде заңда көрсетілген тәртіпте жүргізілуі тиіс. Қылмыс бойынша мүмкіндігінше неғұрлым көп, әрі маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алу процесінде барынша тиімді, ыңғайлы психологиялық, криминалистикалық техникалық-тактикалық тәсілдер қолданылып жүргізіледі.

Әдетте, қызметтік міндеттерін атқарудағы тергеушінің жүріс-тұрысы мен іс-әрекеті үш арнадан бастау алады. Бірінші арнасы — процессуалдық нормалар. Процессуалдық нормалар қылмысты тергеп-тексеру барысында нені және қандай түрде, қандай тәртіппен жүргізетінін баяндаса, екінші бір арнаны — тактикалық ережелер құрайды. Бұрыннан белгілі криминалистиканың ұсынымдары тергеушінің қылмысты тергеп-тексеру жолымен ізіне суытпай тез арада ашып, кінәліні анықтау мақсатында өзінің тактикалық жүйесін, әдіс-айласын күні бұрын анықтап қоюына толықтай жағдай жасайды. Ал үшінші — психологиялық әдептілік қағидалары әлеуметтік мораль талаптарынан туындап, тергеп-тексеру жүргізілгенде қай тәсілді қолдану-қолданбауды саралауға, бағалауға мүмкіндік туғызады. Осылайша тергеуші осы үш қағиданы басшылыққа алып, өзінің атқарып отырған тікелей қызметін тиімді жүзеге асырады. Басқаша айтқанда, процессуалдық заң — мазмұн мен форманы, криминалистика — тергеп-тексерудің әдіс-тәсілін, ал әдептілік нормалары тергеуші қызметінің адамгершілік негіздерін айқындайды¹.

Қылмыстық іс бойынша жауап алудың мәні психологиялық тұрғыдан ашылады, оның құрамдас бөліктері ажыратылады және осы тергеу әрекетін жүргізу кезінде болатын психологиялық және ақпараттық іс-әрекеттерімен сипатталады. Психологиялық білімді іс жүзінде шығармашылық және тиімді пайдалану әр тергеушінің өмірлік серігі болып қала беретінін ескере отырып, қылмыстық қудалауды жүргізетін тұлғаларға қосымша «психолог» мамандығы бойынша біліктіліктерін (психологиялық курс, сертификат) арттыруды ұсынамыз.

Кез кезелген құқық қорғау органдарының қызметкері психология саласы аспектілерін меңгеру арқылы белгілі бір санаттағы құқық бұзушының психологиялық ерекшеліктерін, яғни қылмыстық әрекеттерінің сипаты мен жасау тәсіліне, қандай психологиялық типке жататындығы, ешбір физикалық қысымсыз шындыққа жанасатын ақпаратты алған-алмағаны туралы аражігін ажырата білумен, тергеу әрекетінің жоспарын тиімді құрумен, қылмыстарды неғұрлым сәтті ашып немесе оқиганың мән-жайын толық біле алады. Егер қылмыстық процесі жүргізетін адам аталған психологиялық аспектілерді игермеген және біліктілікті арттыру туралы психологиялық сертификаты болмаған жағдайда кәмелетке толмағандарға қатысты істер, кез келген ауыр, аса ауыр санаттағы құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру барысында психолог-мамандарды іске тартып, олардан жауап алынып жатқан тұлғаның психикалық жағдайы туралы алдын ала қорытынды алып, сот-психологиялық-психиатриялық сараптамаға жолдауға немесе маман ретінде жауап алған жөн деп санаймыз.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі (бұдан әрі — ҚПК) 209-бабының 1-бөлігіне сәйкес жауап алу сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілген жерде жүргізіледі. Сондықтан жауап алу барысы тек тергеушінің қызметтік бөлмесінде алынуы тиіс деген нақты талаптар қолданыстағы қылмыстық процесік заңнамада жоқ².

Сондықтан жауап алу тергеу әрекетін шетелдік мемлекеттердің тәжірибесінде қолданып, оң нәтижесін беріп отырған «Гезеллдің тыңшы-айнасымен» (Қысқаша мәлімет: Американдық профессор, психология бойынша философия докторы А.Л. Гезеллдің атымен аталған бір жақты көрінетін әйнектің формасы, тыңшы айна немесе бір жақты айна) жабдықталған жауап алуға арналған бөлмені кейбір жекелеген тергеу жағдайларында кеңінен қолдануды тәжірибеге енгізу қажет. Бұл жерде бейнежазба орнатылған арнайы Гезелл тыңшы-айнасымен жабдықталған жауап алу бөлмесі тек қана

жауап алу үшін ғана емес, беттестіру, адамды тану үшін көрсету мақсатында да қолдануға әбден болады³.

Нақтылап айтқанда, тану үшін көрсетілген тұлғаны арнайы Гезелл тыңшы-айнасы орнатылған бөлмеде кәметке толмағандарға тануға көрсету тергеу әрекеті, ол бірінші кезекте тергеумен қорғалуға жататын және танушы тұлғалардың психологиялық жағдайының тұрақтылығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жалпы ережелерді бұзбай қылмыстық-процестік заңнамасымен реттелетін жасырын тану жүргізуге мүмкіндік беретін әдіс.

Заң ғылымдарының кандидаты Д.В. Галкиннің «Кәметке толмағандардан жауап алу кезінде Гезелл айнасын қолдану» туралы пікірімен келісуге болады. Онда кәметке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстары бойынша жекелеген тергеу әрекеттерінің нұсқаларын ұсыну, тергеуді жоспарлау және тактикасын әзірлеу үшін маңызды жәбірленушіден ақпарат алудың тиімді құралы инновациялық құралдар мен психологиялық әдістерді, соның ішінде Гезелл тыңшы-айнасын пайдалану болып табылады. Мұндай әдістеме кәметке толмағандарға қатысты жасалған жыныстық қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде жәбірленушімен психологиялық байланыс орнату маман-психологтің көмегін қажет еткенде ерекше маңызға ие болады.

Гезелл тыңшы-айнасымен жабдықталған бөлмеде тергеушінің сырттай бақылауымен, қашықтықтан басқаруымен психолог-мамандар арқылы жәбірленуші балалармен психикасына зиян келтірместен сөйлесе алады. Психолог тиісті жиһаз, ойыншықтар бар жайлы бөлмеде баламен бейресми жағдайда сөйлесіп, тергеушінің сұрақтарын өзі арқылы жеткізіп отырса, екіншісі дыбыс өткізбейтін айна қабырғамен қоршалған бөлмеде кәметке толмаған жәбірленушінің немесе күдіктінің заңды өкілі, тергеуші, прокурор және т. б. іске қатысушы тұлғала көрінбей отырып, оларды қызықтыратын қылмыс туралы мәліметтерді көріп, ести алады және психолог-маман арқылы сұрақтарын қоя алады.

Бұл ретте аталған іс-шара тергеу әрекеті болып табылмайды. Демек, тергеуші алған мәліметтер бұл жағдайда ақпараттық, бағдарлаушы сипатқа ие болады. Олар алдағы уақытта нұсқаларды ұсыну, жауап алу жоспарын құру және басқа тергеу әрекеттері, жәбірленушімен байланыс орнату үшін қолданылады. Жәбірленуші қылмыстық-процестік кодексінің барлық талаптарын сақтай отырып, жауап алу және басқа да тергеу әрекеттері барысында іс бойынша қажетті дәлелдемелік ақпаратты береді⁴.

Сонымен қатар Гезелл тыңшы-айнасымен жабдықталған жауап алу бөлмелерін қолданудың тағы бір артықшылығы — жауап алынатын адамның профайлингті («ағылш. profile» — профиль, бұл адамның мінез-құлқын бағалау мен болжаудың психологиялық әдістерінің жиынтығы, сыртқы келбеті, вербалды және вербалды емес мінез-құлық сипаттамаларының негізінде жеке белгілерді ақпараттық талдау).

Бұл жауап алу процесі кезінде психологиялық-тактикада профайлинг тәсілін пайдалануға болады. Профайлинг — адамның психологиялық портретін жасаушы тәсіл, яғни бұл адамның іс-әрекетін сырттай бақылау арқылы жүзеге асырылады. Жауап алу кезінде жауап берушінің іс-әрекетін бақылай отыра, жауап алушы адам оған айқындаушы, толықтырушы және нақтылаушы сұрақтар қоя отырып, болған оқиғаның шындыққа сәйкестігін аша алады⁵.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлға кәсіби деңгейде психологиялық курстарды өткені жөн. Себебі психологиялық тактикалық тәсілдерді қолданбай жауап алу тергеу әрекетінің нәтижесіз болуына әкеп соғады, сондықтан психологиялық байланыс пен тактикалық тәсілдерді үйлестіре отырып, жауап алыну тиіс, бұндай байланыс оң нәтижесін беретіндігі сөзсіз^{6, 52}.

Баяндалғанның негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға тергеудің психологиялық тактикаларын толыққанды зерделеуді, сондай-ақ «психология» мамандығы бойынша қосымша біліктіліктерін арттыру ұсынылады.

¹ Абдугалиев Қ.Н., Серімов Е.Е. Тергеушілердің кәсіби әдебі мәселелері // Қазақстан Республикасы ИМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник» журналы. — 2022. — №2(76). — 144–145 б.

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 04.07.2014 ж. № 231-V ҚРЗ // Юрист — Параграф Online (дата обращения: 14.09.2020).

³ Бегалиев Е.Н. Современный толковый словарь криминалиста: Справочное пособие. — Алматы: Лантар Трейд, 2019. — С. 45.

⁴ Галкин Д.В. Об использовании зеркала Гезелла в ходе допроса несовершеннолетнего // Труды Академии МВД Республики Таджикистан. — 2015. — № 3 (27). — С. 60–61.

⁵ <http://damy-gospoda.ru/profajling-chto-eto-takoe/>.

- 6 Жумағалиев Б.О. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру барысында жауап алу-тергеу әрекетінің алатын орны // Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының «Хабаршы — Вестник» журналы. — 2017. — № 3. — 51–52 б.

Ф.Е. Бөрібай,

*арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының бастығы, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру мекемелерінің курсанттары мен тыңдаушыларының атыс даярлығын жетілдіру

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Ішкі істер органдарының Қазақстандағы қоғамның саяси және экономикалық өміріндегі түбегейлі өзгерістер жағдайында шешетін міндеттерінің күрделілігімен, қылмыстың өсуімен, жедел жағдайдың шиеленісуімен, физикалық, моральдық және психологиялық жүктемелердің өсуімен, құқыққа қарсы элементтер тарапынан қызметкерлерге күш қысымының күшеюімен анықталады, бұл, өз кезегінде, полиция қызметкерлерінің кәсіби қасиеттеріне, олардың дағдылары мен қаруды меңгеру қабілетіне жоғары талаптар қояды. Соңғы жылдары атыс дайындығы елдегі қылмыстың сапалы өзгеруіне, қылмыскерлердің қылмыстық әрекеттерді жасауда заманауи қаруды қолдануының күрт артуына байланысты ерекше маңызға ие болды. Осыған байланысты курсанттар мен тыңдаушыларды ішкі істер органдарының болашақ мамандарын даярлауда сапалы атыс даярлығы ерекше маңызға ие. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің зардап шегулері байқалады, кейде өлімге де әкеп соғатыны белгілі. Зардап шеккендердің көп саны жергілікті полиция қызметкерлеріне, атап айтқанда жол-патрульдік полиция қызметкерлеріне, учаскелік полиция инспекторларына, жедел уәкілдерге, ведомстводан тыс күзет қызметкерлеріне тән, сонымен қатар Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарында курсанттар мен тыңдаушыларды атыс даярлығын ұйымдастыру болып жатқан өзгерістерге ден қоюға әрдайым үлгере бермейді. Қазақстан Республикасы ІІМ қызметкерлерінің қаруды дұрыс меңгермеуі нәтижесінде азаматтардың қаза болуына немесе жаралануына әкеп соққан жағдайлардың ұлғаю үрдісі байқалады¹.

Ішкі істер органдарының тыңдаушыларын, курсанттарын, қызметкерлерін атыс даярлығына даярлау проблемалары қазіргі кезде неғұрлым өзекті болып отыр. Атыс даярлығы педагогикалық заңдар мен принциптерге негізделген, арнайы мазмұнмен, ұйымдастырушылық формалармен, тиімді әдістермен, кәсіби қызметтің нақты жағдайларына жақын мақсатты әдістер мен құралдармен толтырылған педагогикалық жүйе, процесс, педагогикалық қызмет түрі ретінде қарастырылады. Атыс даярлығы тыңдаушылар мен курсанттарды оқыту мен тәрбиелеудің мазмұны мынадай міндеттерге сәйкес болуы тиіс: бірінші дәрежелі адами құндылық ретінде білім алушы тұлғасының өмірін, денсаулығын және психологиялық тұрақтылығын сақтау кезінде азаматтарға көмек көрсетуге арналған кәсіби-адамгершілік ұстанымды нығайту және құқық бұзушылардың құқыққа қайшы әрекеттерінің жолын кесу; атыс қаруын, кәсіби әдеттерді құқықтық қолдануға арналған кәсіби ұстанымдарды қалыптастыру; тыңдаушылар мен курсанттардың атыс даярлығы үшін қажетті қолданбалы білім; кәсіби міндеттерді шешу кезінде атыс даярлығы бойынша дағдыларды, тәсілдерді пысықтау; ішкі істер органдарының қызметіндегі өзгерістерді ескере отырып, тыңдаушылар мен курсанттардың өздері атыс даярлығының жана тактикасын, әдістері мен тәсілдерін әзірлеу мақсатында кәсіби қызмет тәжірибесін дербес талдау үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру. Тыңдаушылар мен курсанттардың атыс даярлығының мазмұны күрделі тұтас құрылымға ие. Олардың әрқайсысы, өз кезегінде, тыңдаушылар мен курсанттарда оқыту процесінде қалыптастырылуы қажет тиісті қасиеттердің, дағдылардың жиынтығынан құралады. Атыс даярлығының құрамдастарының тобына мыналар кіреді: қару-жарақ пен оқ-дәрілермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шаралары; отандық және шетелдік қарудың жаңа үлгілері; атыс даярлығының нормативтері бойынша тұрақты дағдылар; дайындық жаттығуларын орындаудың тұрақты дағдылары; атыс даярлығы; құқықтық даярлық; жеке-тактикалық даярлық; кәсіби-психологиялық даярлық, машықтану².

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру мекемелерінде атыс дайындығы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 127 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарындағы атыс даярлығы бойынша тәлімгерлік негізінде жүргізіледі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары оқу орындарында

атыс даярлығын жетілдіру бүгінгі күні өзекті педагогикалық проблема сипатына ие болып отыр және біртұтас педагогикалық процесс шеңберінде неғұрлым терең талдауды қажет етеді³.

Атыс даярлығының жай-күйін жан-жақты ғылыми талдау, оны жақсарту мүмкіндіктерін анықтау, атыс даярлығын бағалау және нақтылау, сондай-ақ дидактикалық ұсынымдарды әзірлеу негізінде Қазақстан Республикасы ПМ білім беру мекемелерінің курсанттары мен тыңдаушыларын атыс даярлығының тиімділігін арттырудың бағыттары мен педагогикалық шарттарын айқындау, атыс даярлығының мазмұнын оңтайландыру; атыс даярлығының ұйымдастырылуы мен әдістемесін жетілдіру; Қазақстан Республикасы ПМ білім беру мекемелерінің атыс даярлығы және арнайы-тактика пәні бойынша оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында шет елдерге тәжірибе алмасу үшін іссапарларға жіберу оңтайлы шешімдердің бірі болып табылары анық.

¹ І.Б. Нысанқұлов Атыс даярлығы: Оқулық. — Қарағанды, 2012.

² <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

³ <https://zakon.uchet.kz/rus/docs/V1500011218>

Қ.Т. Жуманова,

Қазақстандық құқықты дамытудың заманауи үрдістері доктаранты,

М.Х. Матаева,

проректор, заң ғылымдарының докторы;

Э.С. Майшекина,

философия докторы (PhD)

(Alikhan Bokeikhan University, Қазақстан Республикасы, Семей қ.)

Бала асырап алуды жарамсыз деп танудың құқықтық реттелуінің жүзеге асырылуы

Баланың қорғалуы мемлекеттің басты қызметтерінің бірі. Мемлекет өзінің функциясы арқылы балалық шақты қорғауды жүзеге асырады. Жас ұрпақты дұрыс, салауатты тәрбиелеу үшін балалықты қорғау механизмдерін жетілдіріп қана қоймай, оны дамыту қажет. Осы ретте отандастарымыздың балаларды асырап алуға ынталандыру саясатын жүргізу қажет, Қазақстандық балаларды шетел азаматтарының асырап алу саясатын тиімді етіп жүргізу, интернатта тәрбиеленіп жатқан жетім балаларды әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ету, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды медициналық қамтамасыз етуді жетілдіру керектігі туындап отыр¹. Бұл мәселелерді іске асыру барысында еліміз халықаралық тәжірибелерге сүйенуі қажет деп ойлаймыз. Бала асырап алу күшін жоюдың және жарамсыз деп танудың шарттары, құқықтық реттелуі, тәртіптері және іс жүргізулері қарастырылады. Бала асырап алу — бұл ең көне құқықтық институттардың бірі және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың ең оңтайлы және қолайлы түрі ретінде барлық қазіргі заманғы құқықтық жүйелерде бар екені рас. Қазіргі уақытта отбасы заңнамасына сәйкес бала асырап алуды тоқтату үшін бір ғана негізді қарастырады. Сондай-ақ істі қарау кезінде сот бала асырап алуды жарамсыз деп тануға негіздердің бар-жоғын; олар істі қарау кезінде жарамсыз деп тану шарттары өзгерді ме; мұндай тану асырап алынған баланың мүдделеріне қайшы келмейді ма соны анықтайды. Асырап алушы жасанды түрде асырап алуға бара жатып, оның кейіннен балаға үйір болып, оны өз баласындай қабылдайтынын және олардың арасында бала асырап алу мақсаттарына сәйкес келетін қарым-қатынас дамиды деп ойлауы әбден мүмкін. Құқықтық доктрина отандық заң шығарушының асырап алуды жарамсыз деп тану және бала асырап алу туралы сот қабылдаған шешімдерін әртүрлі тәсілдермен түсіндіреді².

Бала асырап алу туралы сот шешімі шыққан кезден бала асырап алу жарамсыз деп танылады. Неке және отбасы кодексінің 106-бабында былай делінген: Бала асырап алудың күшін жою негіздері

1. Егер бала асырап алушы:

1) өзіне жүктелген ата-аналар міндеттерін атқарудан жалтарған;

2) ата-ана құқықтарын теріс пайдаланған;

3) асырап алынған балаға қатігездік көрсеткен;

4) асырап алынған балаға күш қолданған немесе психикалық зорлық жасаған;

5) асырап алынған баланың жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаған;

6) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адам деп танылған;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда белгіленген бала құқықтарын бұзған жағдайда бала асырап алу-дың күші жойылады.

Сот баланың мүдделерін негізге алып және оның пікірін ескере отырып, басқа негіздер бойынша да баланы асырап алудың күшін жоюға құқылы.

Бала асырап алу жарамсыз деп танылған жағдайда, егер бұл баланың мүдделері үшін қажет болса, асырап алынған баланың және бала асырап алушылардың, бала асырап алушылардың туыстарының өзара құқықтары мен міндеттері тоқтатылады және бала мен оның ата-аналарының (оның туыстарының) өзара құқықтары мен міндеттері қалпына келтіріледі³.

Егер олар асырап алу кезінде өзгерсе, ата-аналардың талап етуі бойынша балаға бұрынғы аты, әкесінің аты (егер бар болса) және тегі беріледі, сол сияқты бұрынғы туған күні, айы, жылы мен туған жері қалпына келтіріледі.

Бала асырап алуды жарамсыз деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап сот үш күн ішінде осы шешімнің үзінді көшірмесін тууды мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жіберуге міндетті.

Ата-аналардың келісімі бала асырап алу шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан баланың ата-анасы бала асырап алу олардың келісімінсіз жүргізілген немесе келісім мәжбүр болған жағдайларда ғана бала асырап алудың күшін жоюды талап етуге құқылы. Егер бала асырап алушының отбасында бала тәрбиелеу оның мүддесіне сай келмейді деп санаса, олар бала асырап алудың күшін жою туралы талап қоя алмайды. Егер олардың бала асырап алушылардың өз құқықтарын теріс пайдалану фактілері немесе балаға қатысты өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы мәліметтері болса, олар бұл туралы қорғаншылық және қамқоршылық органдарына немесе прокурорға ғана хабарлай алады. Бұл баланы асырап алғаннан кейін ата-аналар оған қатысты барлық құқықтары мен міндеттерін жоғалтады және оған қатысты барлық бөгде адамдар сияқты күйде болады. Н.В. Летованың айтуынша, бала асырап алушы баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттер асырап алынған баланың физикалық деректеріне немесе ақыл-ой қабілетіне қарамастан қабылданатынын түсінуі тиіс. Бала асырап алушыға бала асырап алудың күшін жоюды талап ету құқығын бере отырып, заң шығарушы баланы осындай объектінің тиісінше «сапасыз» болуы салдарынан тоқтатылатын құқықтық қатынастың объектісі ретінде таниды, бірақ бала — объект емес, құқық субъектісі³.

Сондықтан олардың отбасында асырап алынған бала асырап алушының тұрмыс жағдайын бақылауға құқығы жоқ. Ата-аналардың бала асырап алуға келісім беру құқығы бұзылған жағдайда сот бала асырап алудың күшін жою туралы шешім шығаруға міндетті емес.

Осылайша, жоғарыда атап өтілгендей, заңда оның баласын басқа адамның келісімінсіз асырап алғанын білген ата-ана (ата-ана) асырап алудың күшін жою туралы сотқа талап қоюға құқылы болатын нақты мерзімді (бір жылдан аспайтын) белгілеу орынды деп санаймыз. Бұл ата-ананың баланы жеке өзі тәрбиелеуге ниеті жоқ екенін анықтауға мүмкіндік береді, өйткені өзінің бұзылған ата-ана құқықтарын қалпына келтіруге ешқандай шара қолданбайды және баланың мүдделерін қорғауға сәйкес болады. Бала асырап алушының бала асырап алудың күшін жоюды талап ету құқығы бұрын қолданыста болған заңдарда көзделмеген. Әрине, бала асырап алудың мәні бала асырап алушының бастамасы бойынша бала асырап алудың күшін жоюға жол бермеу керек деген пікірге дау айту қиын, сондай-ақ ата-аналар оларды ата-ана құқығынан айыру туралы талап қоюға құқылы емес⁴. Біздің ойымызша, бала асырап алушының бала асырап алуды тоқтату туралы мәселе қою құқығын бала үшін құқықтық салдарларды бағалай отырып, кешенді түрде қарау қажет. Кейде ата-ананың ерік білдірген кезде оның келісімі шын мәнінде жоқ немесе ол шынайы ерікке сәйкес келмейді. Әрине, бұл жағдайда ата-ананың ерік-жігерінің кемшіліктерімен жасалған мәміленің болуын байқауға болмайды. Ата-ананың келісімі — бұл мәміле емес, бала асырап алу туралы актіге қажетті шарт. Дегенмен, ата-ананың келісімі ерік-жігер әрекеті болып табылады, ал ерік-жігер еркін, сондай-ақ оның қалыптасуы тұлғада шынайы ахуал туралы дұрыс түсінік туғызбайтын қандай да бір жағдайларды жоққа шығаруға тиіс. Сондықтан ерік ақауларымен мәміле жасасқандағыдай, ата-ананың бала асырап алуға деген еркі сәйкес келмеген жағдайда, әдетте, бала асырап алудың күшін жою керек. Бұл жерде мәмілемен салыстыру әрдайым орынды емес. Мәселен, әдетте, ата-ананың бала асырап алуға келісімі оларға ауыр өмірлік жағдайлар кезінде берілгеніне сілтеме жасау мәселені шешу үшін маңызды емес, өйткені ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасы тығыз биологиялық байланыспен алдын ала айқындалған және мұндай байланыс әдетте ата-ананың баланы басқа адамдарға, тіпті өте қиын жағдайларда, олардың өмірінің ең ауыр жағдайларында беруге ұмтылысын болдырмайды⁵.

Егер келісім алу кезінде көрсетілген кемшіліктер болмаса, онда сот бала асырап алуға келісімнің себебін қалыптастырған мән-жайларды зерттемеуге тиіс. Алайда сот тәжірибесінде ата-анасының еріксіз келісімімен бала асырап алудың күшін жою туралы істер белгілі. Бұл жағдайлар жоғарыда баяндалғандарды жоққа шығармайды. Олар ата-аналардың бала тәрбиесінен бас тартуға ниеті болмағанын және олардың мінез-құлқы бала асырап алуға келісім білдіру ретінде бағаланғанымен, шын мәнінде мұндай келісім болмағанын көрсетеді. Сонымен қатар бұл жерде ол баланың мүддесіне де жауап бермейді. Екінші жағынан, егер заң шығарушы бала асырап алушының қалауы бойынша бала асырап алу қатынастарын тоқтату мүмкін еместігі туралы ұстанымды сақтаған болса, онда соңғысы бала асырап алуға үлкен салмақтылықпен қарайтын еді. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы заңында бала асырап алудың күшін жоюды талап ету құқығын бала асырап алушының талаптарын қанағаттандырмайтын баланың жеке мінездемесімен байланыстыруға болмайды. Мұндай құқық бала асырап алушыға оның өз мүдделерін ескере отырып беріледі, өйткені бұл жағдайда бала асырап алу мақсатына қол жеткізілмейді⁶.

Қорыта келе, біз мақаламызда бала асырап алуды жарамсыз деп танудың құқықтық реттелуінің жүзеге асырылуы еліміздегі заңнамалардың іске асырылуының көрсеткішін көруімізге болады. Бұл жерде адам өміріне, оның ішінде жас өспірімдердің өміріне бейжай қаралмағандығына көз жеткізуімізге болады.

- ¹ Фомина Е.А. Балаларды тәрбиелеу құқығы туралы (материалдық-құқықтық және іс жүргізу-құқықтық проблемалар) // Заңгер. — М., 2004. — С. 75.
- ² З.Н. Есанова Азаматтық сотта балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды қараудың іс жүргізу ерекшеліктері. Автореф.: Дис. ... заң ғыл. до-ры ғылыми дәрежесін алуға. — Т., 2010. — 52 с.
- ³ Н.В. Легова Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыру мен тәрбиелеудің басым нысаны ретінде бала асырап алу // Заңгер. — Томск, 2003. — С. 92.
- ⁴ Назарбаев Н.Ә. Қазақстан — 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. — Алматы, 2002. — 96 б.
- ⁵ Қазақстан Республикасы. Неке және отбасы туралы Заңы. 17 желтоқсан 1998 жылы Парламентпен қабылданған. 21 мамыр 2007 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Егемен Қазақстан. — 2007. — 22 мамыр.
- ⁶ Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы 8 тамыз 2002 жылы Парламентпен қабылданған // «Юрист» Электрондық жүйесі.

И.М. Искаков,

жалпы заң пәндері кафедрасы бастығының орынбасары, полиция майоры

Е.А. Абенов,

*жалпы заң пәндері кафедрасының оқытушысы, полиция лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

Қазақстан Республикасы патриотизмінің конституциялық негіздері

Қазіргі таңда патриотизм маңызды әрі құнды бағыт болып табылады. Алайда оның өзгермелі қоғам жағдайында жете бағаланбауынан теріс салдар туындауы мүмкін. Соның негізінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан — 2030» стратегиясында қазақстандық патриотизмді дамытудың жеті ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі ретінде қалыптастыру міндетін белгіледі. Патриотизмнің қалыптасуының негізгі шарты мен алғышарты — бұл, ең алдымен, индивидтің нақты белгіленген мемлекет азаматы екенін ұғыну, сезіну. Бұл халықтың тәуелсіз мемлекеттілігінің болуын білдіреді. Бұл тұрғыда қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үшін негізгі алғышарттар жасалды — Қазақстан халқы КСРО ыдырағаннан кейін тәуелсіздік алды және Қазақстан Республикасы түрінде өз мемлекетін құрды.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, оны тәуелсіз еліміздің ғаламдық өркениет ортасынан өзінің лайықты орнын алуына бірден-бір себеп болатын маңызы ерекше өлшемнің біріне айналдыру, конституциялық негізін білу және оны құрметтеу, патриоттық сезімді жастарға ұялату, жалпы патриотизм мәселесі бүгінгі таңда айырықша маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жалпы, патриотизм дегеніміз не? Бұл сұрақтың жауабы күрделі әрі терең мағына береді. Патриотизм — бұл адамдардың өмірі мен қызметінің әлеуметтік сезімдері, моральдық және саяси принциптері

түрінде көрінетін, Отанға, Туған жеріне және оның халқына деген сүйіспеншілікпен байланысты қоғамдық сананың күрделі құбылысы¹.

Патриотизм — Отанына адал қызмет етіп, оны қорғауды мақсат тұтатын, Атамекеніне деген ұлттық мақтанышы. Патриотизм — қоғам мен мемлекет өмірінің барлық салаларына тән маңызды құндылықтардың бірі және ол өз еліне, туған жеріне және оның идеалдарына деген сүйіспеншілік пен адалдық ретінде анықталады. Оның қайнар көзі — ел тарихын терең білуде, күш-жігері мен оның тәуелсіздігі мен гүлденуін қамтамасыз еткен ұрпақтың қызметін түсінуде және құрметтеуде. Елдің ұлттық мүдделеріне берілгендік болып табылатын ұлтжандылық деген күшті сеніммен жиі патриотизмді анықтауға болады. Бұл байланыстылық этникалық, мәдени, саяси немесе тарихи аспектілерді қоса алғанда, өз Отанымен байланысты әртүрлі сезімдердің көптігі болуы мүмкін².

Кез келген мемлекеттің өмір сүруінің міндетті шарты жоғары мемлекеттік заң — Конституцияның болуы. Қазақстан Республикасының Конституциясы — бұл қазақстандықтарды топтастырудың қуатты саяси және құқықтық құралы. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде негізгі заң кең өзгерістердің негізін қалап, жалпы гуманистік идеялар мен конституционализм постулаттарына сәйкес құқықтық жүйенің дамуына берік негіз жасады. Конституцияның 1-бабының 2-тармағында жарияланған республика қызметінің түбегейлі принциптерінің бірі қазақстандық патриотизм болып табылатыны барлығымызға мәлім. Осылайша, жоғары конституциялық-құқықтық деңгейде «қазақстандық патриотизм» құқықтық тұжырымдамасы ұсынылған болатын³.

Жалпы, құқықтық тұрғыдан алғанда, қазақстандық патриотизм — бұл Конституцияда көзделген конституциялық және құқықтық міндеттер, атап айтқанда:

– Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті. Әркім республиканың мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге міндетті (34-баптың 1-2 тармағы);

– Заңмен белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады (35-бап);

– Қазақстан Республикасын қорғау — оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті (36-баптың 1-тармағы);

– Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті (37-бап);

– Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті (38-бап).

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазіргі заманғы қазақстандық жастар өзгерген әлеуметтік-экономикалық қатынастар жағдайында өсіп келе жатқан ұрпақ болып табылатынына терең назар аударылды. Сондықтан жастарды патриоттық және азаматтық тәрбиелеудің теориялық-әдіснамалық, ғылыми-педагогикалық, конституциялық-құқықтық негіздері қарастырылып, тұжырымдар жасалды.

Құқықтық мемлекет құру мен қоғамды демократияландыру ұзақ әрі күрделі үдерістердің бірі. Тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғам өміріне өту қажеттілігі айқын болған күннен бастап - ақ Қазақстан азаматтарының алдында ең алдымен еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін қорғау міндеті тұрды. Осыған байланысты демократияны дамыту — бұл меншік қатынастарын реформалаудың және нарықтық экономикаға көшудің, ұлттық мемлекеттің қалыптасуы үшін қолайлы жағдайлар жасаудың маңызды жолы. Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция (Ата Заң), яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие⁴.

Конституция қазіргі заманғы мемлекет үшін маңызды және қажет, себебі оның алғашқы қағидаттары мен мақсаттары, ұйымның функциялары мен негіздері, қызмет формалары мен әдістері бекітілген. Конституция екі жақты дамудың барлық негізгі салаларында мемлекеттік реттеудің шегі мен сипатын, мемлекеттің адам мен азаматпен қарым-қатынасын белгілейді. Ең бастысы, конституция адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарына жоғары заңды күш береді, оның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғайды. Конституция мемлекеттің негізгі заңы деп дұрыс аталады⁵.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің IX сессиясында қабылданды. 1993 жылғы Конституцияның негізіне парламенттік республика моделі енгізілді. Қазақстанның тәуелсіздігін бекіте отырып, 1993 жылғы Конституция Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының қиындығы мен қайшылығында көрсетті. Бір жағынан, ол республиканың тыныс — тіршілігінің барлық жақтарын нарықтық экономика мен демократиялық мемлекетті қалыптастыру бағытында одан әрі трансформациялау үшін заң негіздерін белгіледі, екінші жағынан — Конституция биліктің заңнамалық және атқарушы тармақтарының өкілеттіктері туралы кең пікірталастар тудырды, себебі оның мәтінінде бұл мәселе реттелмеген болып қалды. Бұл жағдай елдегі саяси және әлеуметтік жағдайды тұрақтандыруға да, қоғамдық өмірдің барлық жақтарын

өзгерту бағытын бекітуге де ықпал еткен жоқ. Сонымен қатар мемлекеттіліктің сипатына, мемлекеттік тілге, жер мен азаматтың жеке меншігіне қатысты Конституцияның кейбір негізгі ережелері қоғамдық талқылаудың тақырыбы болды⁶.

Қазақстандағы конституционализмнің теоретиктерінің бірі заң ғылымдарының докторы, профессор А.К. Котов қазақстандық конституциялық құқық ғылымында қазақстандық патриотизм идеясын зерттеуге және дамытуға көп көңіл бөледі. Қазіргі уақытта қазақстандық патриотизм Қазақстан Республикасының өмір сүруі мен дамуының негізін қалаушы қағидаттарының бірі болып табылады. Көп қырлы мазмұны бар, оның мәні Қазақстанмен генетикалық, тарихи және құқықтық байланысына негізделген республика азаматтарының терең әлеуметтік-психологиялық сезімінен, олардың өз отаны ретінде Қазақстанға деген көзқарасын білдіретін сезімінен, өзінің дамуы мен әлемдік қоғамдастықта беделінің артуы үшін өз істерінде және іс-әрекеттерінде оларға деген құрмет пен сүйіспеншілік танытатын терең әлеуметтік-психологиялық сезімінен тұрады⁷.

Қазақстандық патриотизм Конституциялық идеяның бірі болып табылады, оның негізінде өз отанына деген сүйіспеншіліктің, өз отанының тарихына құрмет көрсетудің ортақ ұлттық идеясы ретінде қайта жаңғырады. Қазақстандық патриотизмнің негізі конституциялық құқықтық санаға негізделеді⁸.

Конституционализм доктринасы Қазақстан Республикасының Конституциясында объективтеледі, бірақ көбінесе Конституциялық практиканың ерекшеліктерін айқындайтын құқықтық мәдениет арқылы сыналады. Қазақстан халқының менталитетін, қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыруда Конституцияның тәрбиелік рөлі маңызды. Осы жоспарға байланысты келесі міндеттер қойылады:

1. Конституционализм рухы мен конституциялық құрылымға енгізілген идеялар жүйесі ретінде енгізу қажеттілігі.

2. Заңға және конституциялық жүйеге қатысты халықтың сезімдері, көңіл-күйлері, өкілдіктеріне бағытталған ықпал етудің қажеттілігі.

3. Қоғам құрметтейтін айқын, моральдық-құқықтық нұсқаулар мен құндылықтар өлшемдерінің берік жүйесі ретінде конституцияны терең құрметтеу дәстүрін қалыптастыру қажеттілігі⁹.

Қазақстандықтардың өз отанын егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде танып, конституциялық ережелермен қабылданған тұжырымдамасы қазақстандық патриотизмнің бір қыры болып табылады. Туған жерге, Отанға деген адалдық пен сүйіспеншіліктің жоғары сезімі ерте жастан қалыптасуы керек, ал қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу ЖОО-ның жүйесін айтпағанда, мектеп пен тіпті мектепке дейінгі мекемелердегі оқытушылардың жұмыстарының негізінің бірі болуы керек.

Қазақстандық патриотизмнің конституциялық негізі — барлық азаматтардың теңдігі және олардың Отан үшін ортақ жауапкершілігі. Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттің негізгі принциптеріне қазақстандық патриотизм де жататыны барлығымызға мәлім. Жалпы, Қазақстандық патриотизм — бұл мемлекеттік, қазақстандық сезімді сезіну. Оған келесілерді жатқызуға болады: адам туып-өскен жерлерге деген сүйіспеншілік сезімі; ана тілін құрметтеу; Отан мүддесіне қамқорлық жасау; азаматтық сезім мен Отанға деген адалдықтың көрінісі; өзінің әлеуметтік және мәдени жегістіктерімен мақтаныш сезімі; оның бостандығы мен тәуелсіздігін сақтау; Отанның тарихи өткеніне және одан мұра болған дәстүрлерге құрметпен қарау; өз еңбегін, күш-қуатын және қабілеттерін өз Отаны гүлденуіне арнау ниеті¹⁰.

Дамушы елдер өздерінің қалыптасу жолында көптеген экономикалық, әлеуметтік жағынан кедергілерді өтуі керек. Экономиканың қалыптасуы, инфрақұрылымның дамуы, әлеуметтік сала, денсаулық сақтау жүйесі және білім беру жас елдер шешетін міндеттердің аз ғана бөлігі. Осыған байланысты сауатты стратегиялық жоспарлаудың ел дамуындағы рөлі орасан зор.

Қорытындылай келе, жалпы, қазақстандық патриотизмнің міндетті элементі — бұл өз елінің мемлекеттік рәміздеріне, туған жерінің табиғаты мен табиғи байлықтарына, халқының тарихына ұқыпты және құрметпен қарау, мәдени ескерткіштер мен тарихты сақтау туралы қамқорлықтан көрінеді. Тарихи-мәдени мұраны сақтау және жақсарту әр азаматтың конституциялық міндеті болып қана қоймайды, сонымен қатар өз халқының және жерінің баға жетпес рухани байлығына деген адалдығын білдіреді және бұл міндет тек заңды ғана емес, сонымен бірге жоғарыда айтылып кеткендей, моральдық және адамгершілік тұрғыдан қарастырылуы керек.

¹ Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. 1998 ж. 10 қаңтар. — 25–31 б.

² Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы-қоғамның идеялық бірлігінде. — Алматы, 2000. — 312 б.

-
- ³ Токтаров Б. Патриотизм. Что это значит? // Мысль. — 2011. — № 12. — С. 12–39.
- ⁴ Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат. — 2000. — № 89. — 89–95-б.
- ⁵ Қозыбаев М.К. Тарих зердесі. 2-кітап. — Алматы: Ғылым, 1998. — 186 б.
- ⁶ Назарбаев Н.Ә. Әрқашан бірге, әрдайым алда болайық // Егемен Қазақстан. — 2006. 6-15-б.
- ⁷ Мемлекеттік тіл және ұлттық рух – рухани жаңғырудың басты бағдары атты Облыстық on-line вебинарының материалдары. — Алматы, 2018. — 252 б.
- ⁸ Нысанбаев Ә. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару. — Алматы, 1999. — 468 б.
- ⁹ Назарбаев Н. Тәуелсіздік белестері. — Алматы, 2003. — 359 б.
- ¹⁰ Зайниева Л.Ю. Государственная молодежная политика: Казахстан в контексте мирового опыта. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 495 с.

Кусаинов Б.Д.,

*старший преподаватель кафедры физической подготовки,
магистр педагогических наук, капитан полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова)*

Повышение физической подготовки сотрудника ОВД

В современном обществе деятельность сотрудника ОВД все чаще осуществляется в экстремальных условиях. От профессионального уровня сотрудника ОВД, готовности действовать и непосредственно вступить в рукопашную схватку с преступником зависят жизнь и здоровье не только его, но и граждан, попавших в опасную ситуацию.

Поэтому вопрос повышения эффективности профессиональной подготовки сотрудника достаточно актуален. Одной из основных составляющих профессиональной подготовки сотрудника ОВД является физическая подготовка.

Проблему совершенствования процесса физической подготовки необходимо решать, опираясь на цель и задачи, регламентированные приказами, с учетом закономерностей и принципов физической подготовки, возраста и уровня развития физических качеств сотрудников, а также материально-технического обеспечения спортивной базы.

В научной литературе встречаются многочисленные сведения о том, что совершенствование процесса физической подготовки способно существенно повысить качество профессионального обучения и значительно повлиять на сокращение сроков овладения навыками применения физической силы, оказать положительное влияние на повышение работоспособности и выработку устойчивости организма к воздействию неблагоприятных факторов служебной деятельности. Все это способствует успешной профессиональной деятельности и профессиональному долголетию.

Необходимость совершенствования процесса физической подготовки сотрудников ОВД заключается и в том, что регулярные занятия должны влиять на снижение заболеваемости и помогать выработке стрессоустойчивости.

По мнению многих ученых, основой физической подготовки является «общая физическая подготовка», которая направлена на развитие профессионально важных качеств, укрепление и сохранение здоровья и должна способствовать формированию здорового образа жизни, а также потребности в физическом совершенствовании.

Обзор научной литературы по данной проблематике позволил определить, что для совершенствования процесса физической подготовки сотрудника ОВД необходимы последовательное развитие и совершенствование профессионально важных физических качеств и формирование двигательных навыков эффективного применения физической силы, моделирование ситуаций оперативно-служебной деятельности с обязательной активизацией обучаемых.

Анализ педагогической практики позволяет сделать вывод, что процесс физической подготовки сотрудника ОВД является многоуровневым, он должен быть целостным и системным, направленным на формирование у сотрудника ОВД решительности, практической самостоятельности при решении сложных служебных задач в экстремальных условиях и способствовать развитию познавательной активности в освоении профессии.

При изучении и совершенствовании техники боевых приемов борьбы должны быть исключены «комфортные условия», способствующие формированию крайней степени стереотипности двигательных навыков применения боевых приемов борьбы¹.

В связи с этим процесс формирования и совершенствования умений и навыков применения боевых приемов борьбы необходимо строить в соответствии с конкретными служебными задачами и строго подчинить задачам служебно-профессиональной подготовки и соответствующим нормативным актам.

На наш взгляд, наиболее эффективной является технология комплексного проведения занятия, формирования и совершенствования умений и навыков применения боевых приемов борьбы. Она способствует повышению уровня двигательной активности на занятиях и подготовке сотрудников ОВД к быстрым и эффективным действиям в ситуациях, приближенных к реальным, на фоне мышечной усталости и быстро меняющейся обстановки.

На каждом занятии целесообразно уделять внимание развитию профессионально важных физических качеств, что может повлиять на успешное выполнение боевых приемов борьбы.

Обучение технике боевых приемов борьбы необходимо начинать только после того, когда у сотрудника сформировано четкое представление об основах тактики применения физической силы, которая начинается с психологического воздействия на правонарушителя и заканчивается созданием благоприятных условий для проведения конкретного технического действия.

Совершенствование техники двигательного действия боевого приема борьбы нужно доводить до устойчивого навыка. Совершенствование техники боевых приемов борьбы целесообразно начинать со специально подготовительных упражнений бокса и борьбы. Не стоит ограничиваться одним из методов. Только использование конкретного метода в соответствии с методическими принципами на определенном этапе обучения обеспечит успешное решение всего комплекса задач физической подготовки и физического воспитания. Под методом обучения понимается система действий педагога, организующего познавательную и практическую деятельность сотрудников ОВД для достижения целей обучения и управляющего ей.

При организации учебного процесса до освоения дисциплины «Физическая подготовка» применяются, как известно, две группы методов: общепедагогические и специфические. Обучение строится в соответствии со следующими принципами: практической направленности, последовательности, систематичности, сознательности и активности обучаемых, обучения с учетом подготовленности на достигнутом уровне, в совокупности с учетом закономерностей спортивной тренировки².

Как отмечает ряд авторов, основополагающим принципом должно быть единство общей и специальной подготовки, следовательно, и обучение с первого этапа должно быть направлено на достижение этой цели³.

Повышение уровня работоспособности, а также одновременное изучение и совершенствование техники боевых приемов борьбы способствуют достижению наилучшего результата.

Использование технологии однонаправленных концентрированных нагрузок помогает в углубленном развитии силы, скорости движения и выносливости. При таких нагрузках тренировочный эффект будет благоприятствовать дальнейшему повышению физической подготовленности сотрудников.

Можно сделать вывод, что улучшение физической подготовки на первоначальном этапе достигается за счет развития общей выносливости посредством выполнения продолжительных упражнений (в основном это, кросс 3–5 км) с последующим переходом на совершенствование умений и навыков применения боевых приемов борьбы. Поэтому занятия, проводимые комплексным методом, способствуют решению всей совокупности задач, поставленных на занятиях по физической подготовке.

Такой подход к организации учебного процесса дает возможность человеку удовлетворить потребность в физической активности и формирует интерес к профессиональному самосовершенствованию.

¹ Евсиков А.Н. Профессионально ориентированные технологии и методы физической подготовки курсантов образовательных учреждений МВД России к действиям при чрезвычайных обстоятельствах: Дисс. ... канд. пед. наук. — СПб., 2010.

² Барчуков И.С., Назаров Ю.Н., Егоров С.С. Физическая культура и физическая подготовка: Учебн. / Под ред. В.Я. Кикотя. — М., 2012.

³ Клименко Б.А., Славко А.Л., Пойдунов А.А. К проблеме повышения эффективности атлетической подготовки курсантов вузов МВД России // Проблемы правоохранительной деятельности. — 2015. — № 3.

Қушмағанбет Қ.А.,
преподаватель кафедры тактико-специальной подготовки,
старший лейтенант полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова)

Проблемы совершенствования учебного процесса по огневой подготовке в вузах МВД Республики Казахстан

Цель огневой подготовки — дать будущим сотрудникам правоохранительных органов необходимый комплекс знаний, умений и практических навыков применения огнестрельного оружия, в том числе в экстремальных ситуациях проведения операции по задержанию правонарушителей, самообороне, защите граждан от хулиганских и прочих посягательств. Умение достойно выдержать единоборство с преступниками составляет характерную черту профессионализма работников правоохранительных органов. Роль и знания профессионализма в этой части возрастают и приобретают новое качественное наполнение в нынешних условиях обострения криминогенной обстановки, а также в связи с ужесточением действий преступников, которые нередко применяют против сотрудников полиции огнестрельное оружие и специальные средства, владеют спортивными и боевыми приемами единоборств и имеют высокий уровень физической подготовки.

Уровень владения огнестрельным оружием нынешних слушателей и знаний нормативной базы по его применению обуславливает в дальнейшем высокое качество выполнения ими своих служебных обязанностей как офицеров полиции, а также создает основу для личной безопасности и соблюдения общественного порядка в стране. Поэтому в последние годы в учебных заведениях МВД Республики Казахстан усилилось внимание, повысились требования к физической и психологической подготовленности абитуриентов, существенно возросла ответственность за качество преподавания учебной дисциплины «Огневая подготовка», усиливается выходной контроль выпускников по данной дисциплине.

Однако применяемые меры оказываются недостаточными: на практике учащаются случаи, когда в поединках с правонарушителями сотрудники правоохранительных органов, в том числе и недавние выпускники учебных заведений МВД Республики Казахстан, терпят поражение, ведущее нередко к непоправимым и трагическим последствиям. Возникают противоречия: наряду с ростом усилий к огневой подготовке ее результативность, вопреки ожиданиям, имеет тенденции к относительному снижению. Это означает, что принимаемые меры по своему содержанию неадекватны постоянно изменяющимся факторам физического противодействия криминогенных элементов и структур¹.

Как показывают наблюдения, проблема состоит не в поисках оптимальных вариантов применения огнестрельного оружия сотрудниками полиции в процессе выполнения служебных обязанностей, использования новых видов оружия для более эффективной нейтрализации действий правонарушителей, а в разработке применений более эффективной системы обучения будущих офицеров правоохранительной системы, которая бы обеспечивала им достаточный уровень владения огнестрельным оружием, профессионализм и хорошую подготовку.

В современный период развития высшей школы учебный процесс по огневой подготовке в вузах МВД Республики Казахстан, в основном, ориентирован на усвоение нормативных документов регламентирующих применение сотрудниками полиции табельного огнестрельного оружия, а также выполнения упражнений практических стрельб. Принято считать, что для профессиональной подготовленности сотрудников полиции достаточно выучить и освоить определенный арсенал тактико-технических действий, которыми они могут воспользоваться в экстремальных ситуациях во время выполнения своих служебных обязанностей. Традиционным стало обособление огневой подготовки от других специально-прикладных учебных дисциплин. Но в современных условиях такой подход себя не оправдывает. Подтверждением этому служит рост количества случаев, когда работники органов внутренних дел оказываются неспособными противостоять правонарушителям. Исследования ученых показывают, что основной причиной таких случаев является недостаточный уровень освоения практических навыков владения огнестрельным оружием, специальными и подручными средствами, а также недостаточный уровень физической, психологической и технической подготовленности сотрудников правоохранительных органов к выполнению целенаправленных действий, применению табельного оружия и приемов единоборств, других методов воздействия на правонарушителей, которые изучались в вузах.

Возникает необходимость создания качественно новых подходов к обучению, которые отвечали бы возросшим потребностям профессиональной подготовленности сотрудников правоохранительных органов высшего квалификационного уровня образования. Решение этой проблемы возможно путем создания комплексных программ обучения по специальным дисциплинам (огневой подготовке, специальной физической подготовке, тактика-специальной подготовки), совершенствования существующих наставлений по огневой подготовке путем разработки упражнений и комплексов, учитывающих практические аспекты применения огнестрельного оружия сотрудниками полиции, использования в учебном процессе элементов высоких технологий основанных на современных достижениях в области разработки новых видов стрелкового оружия, биомеханики движения, методики подготовки высококвалифицированных спортсменов-стрелков.

Поскольку конечные результаты обучения слушателей связаны с освоением ими навыков стрельбы из огнестрельного оружия, моделирования практических ситуаций его применения, необходимо усовершенствование учебного процесса именно в этой части, в направлении эффективного усвоения таких комплексов двигательных действий, биомеханическая структура которых было бы достаточно эффективным и отвечало бы особенностям моторики слушателей. Такой подход к оптимизации обучения по огневой подготовке практически не изучался хотя его перспективность достаточно убедительно подтверждается опытом подготовки спортсменов высокой квалификации. Отсутствие эффективных методических разработок по обучению слушателей дисциплине «Огневая подготовка», направленных на усвоение ими профессионально-совершенных тактико-технических действий, недостаточное использование в ходе учебного процесса методов современной спортивной дидактики, нацеленной на индивидуализацию обучения с учетом особенностей двигательных возможностей слушателей, насущная необходимость повышения надежности действий в экстремальных ситуациях предопределяют актуальность и необходимость проведения исследований и подготовку практических рекомендаций по совершенствованию преподавания огневой подготовки².

¹ Лови А.А., Минин Р.А. Организация занятий по огневой подготовке. — М., 1978.

² Методика по огневой подготовке. — М., 1968.

Н.С. Құрмажан,

*дене шынықтыру даярлығы кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

Курсанттардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру

Адамның өзіндік көзқарас жүйесі өздігінен пайда болмайды, ол оның тәрбиеленіп жатқан ортасында, қоғамдағы өмірмен шарттастырылған. Өзара қарым-қатынас, оқу, тәрбиелену, еңбек жолы, спортпен шұғылданудың арқасында адамға түрлі сыртқы әсерлер ықпал етеді де, оның қоршаған орта, адамдарға деген субъективті көзқарасы қалыптасады. Сонымен қатар бұл жерде патриотизм секілді күрделі де, маңызды қасиеттің ірге тасы қаланатынын аңғаруға болады.

Қолда бар ғылыми әдебиеттерді қарастыра отырып, патриотизм сөзінің түп-төркінін қарастыратын болсақ, анықтама сөздікте «патриотизм» гректің *patris* (отан) деген сөзінен шыққанын білеміз. Ол қоғамдық және адамгершілік тұрғыдан алғанда, адамның белгілі бір әрекеттерді орындаған кездегі өз отанына деген көзқарас мен ұстанымының жиынтығы ретінде сипатталады және оны Отанға деген сүйіспеншілік деп атауға болады.

Елін қорғау мәселесі халқымыздың өмірлік ұстанымы, ұлттың қауымдасуының мәнді нышанын білдіреді. Әрбір тұлғаның саяси-әлеуметтік дүниетанымы елімен, жерімен бірлікте қарастырылған. Сондықтан А.Т. Тайжан тұжырымдағандай: «отан», «халық», «ел», «жұрт», «ағайын» т. б. ұғымдарды арнайы категориялар ретінде қарастыру қажеттігі туындайды¹.

Яғни, «ел-жұрт» ұғымын эмоционалды қатынастан туындаған, халқының шынайы тіршілік ету әлеуетін қоса қамтитын, бүкіл қазақ қауымының жалпылама қасиетті қоғам атауы деп пайымдауымызға болады. Бұл ұстаным Абайдың: «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген сөз қолданасынан да толық байқалады. Абай қашан да қазақ сөзі мен ойының бір бағдар етіп ұстанатын алтын қазығы. Ал философиялық сөздікте «патриотизм... негізгі мағынасы өз Отанына деген сүйіспеншілік, оған деген адалдық және өз туған жерін мақтан ету, оның мүддесін қорғауға әрқашан дайын болу

секілді әлеуметтік сезім, сондай-ақ адамгершілік және саяси ұстаным», деп түсінік берілгендігін аңғарамыз².

Яғни философиялық тұрғыдан алып қарағанда «патриотизм» әрекетшілдік, белгілі бір деңгейде іс-қималдар орындау сезімі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық сөздікте патриотизмге мынадай анықтама берілген: «патриотизм – өз Отанына және халқына деген сүйіспеншілік және көпұлттылықпен тығыз байланысты. Сондай-ақ әрекет-тілігімен қатар, ол жоғарыда аталған түсініктерге эмоциялық тұрғыдан да қатысы бар екендігін атап өту керек».

Патриотизм күрделі тұлғалық құрылым бола отырып, адамның уәждемесі иерархиялық құрылымына кіреді. Осындай көзқарасты отандық педагогика мен психология да қолдайды. Ал шетелдік теорияда берілетін уәждемеде сәл басқаша көзқарас қалыптасқан. Оған неміс психологі Х. Хекхаузеннің жүргізген іргелі жұмыстары дәлел бола алады³.

Патриотизм анықтамасына жоғарыда берілген қысқаша түсініктемелерден кейін патриотизм — бұл жеке тұлғаның өзін қоршаған өмірге көзқарасын анықтайтын күрделі де, көп қырлы және әлеуметтік қасиет деп айтуға болады.

Отаншылдықты қазіргі уақытта түсіну көп нұсқалылығымен, әртүрлілігімен және бірыңғай еместігімен сипатталады. Отансүйгіштік мәселесін зерттеушілер өздерінің азаматтық көзқарасына, білімінің түрліше саласын және т. с. с. қолдануға байланысты әртүрлі тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда қарастырады.

А. Бектұровтың⁴ пікірі бойынша отансүйгіштік түсінігін төмендегідей бағыттар бойынша айыруға болады:

- отансүйгіштік белсенді әлеуметтік қызметтен, туған елдің гүлденуі мақсатындағы іс-қимыл мен әрекеттерден көрінеді;

- отансүйгіштік жеке адамда балалық жастың өзінде, жоғары сезімдердің бірі есебінде пайда болып қалыптасады және өмірдің әлеуметтік, рухани-адамгершілік саласында кейіннен толысып, дамиды;

- отансүйгіштік әлеуметтік құбылыс есебінде қоғамдық өмірдің мәнін ғана емес, сондай-ақ оның өмір сүріп, дамуын да көрсетеді, тіршілік ету қабілеттілігінің, ал кейде қоғамның өмір сүруінің белгісі болып табылады;

- отансүйгіштіктің негізгі нышаны (субъектісі) Отанға өзінің тарихи, мәдени, ұлттық, рухани тұрғыда және өзге де қатыстылығын саналы түрде түсінетін жеке адам болып табылады;

- нағыз отансүйгіштік оның руханилығынан тұрады. Отансүйгіштік асқақ сезім есебінде — таптырмайтын құндылық пен сарқылмайтын бұлақ, әлеуметтік мәнді іс-әрекеттің негізгі себебі және рухани-адами және мәдени дамудың жоғары деңгейіне жеткен жеке тұлғада, әлеуметтік топта толықтай көрініс береді.

Өкінішке орай, соңғы уақытта жалған отаншылдықтың түрлері кеңінен тарауда. Мәселен: «Мен үшін не жақсы болса, мемлекет үшін сол жақсы болмақ» немесе «Маған өмір сүру қай жерде жақсы болса, сол жер менің елім» секілді отаншылдықтың бас тартуды уағыздайтын, мемлекеттік және ұлттық егемендікті жоққа шығаратын идеологиялар белең алуда. Жалған отансүйгіштіктің ең кесірілі түрі — өзінің шын берілген мақсаттары мен мүдделері үшін отансүйгіштікті саудаға салу, ұлтшылдық, нацизм, шованизм, фашизм.

Біздің елімізде жалған отансүйгіштік бағыттарының көптігі отаншылдық сана-сезімінің біршама дәрежедегі дағдарысына әкеп соғады. Яғни 80-жылдардың орта кезінен бастап Отанды қорғаушылар тәрбиелеу жөнінде Қарулы күштер қатарында қызмет етуге әскерге шақырылуға дейінгі және шақыру жасындағылардың дайындығы аясында ғана ойлана бастады.

Курсанттардың отаншылдық қасиетін қалыптастыру үшін Отан қорғаушылардың сана-сезімдеріне мемлекеттік-отаншылдық мақсат-мұраттардың әсер ету механизмдерін пайдалану керек. Әскери ортада отансүйгіштікті қалыптастыру ұлттық қауіпсіздікті сенімді қамтамасыз етуге қызмет етеді.

З.Т. Байжанов патриотизмге тәрбиелуді ұйымдастырғанда ұлттық мұраларды пайдалану керек және сабақ, тәрбиелік маңызы бар іс-шараларды төмендегідей бағыттарда жүргізу керек деген пікірді ұстанады⁵.

- педагогикалық тұрғыдан ойлауды қалыптастыру мәселелерін шешу халықтың даму ерекшеліктеріне ескере отырып, өмірде бар қарама-қайшылықтарды қарастыру негізінде жүзеге асырылуы тиіс;

- кәсіби дайындық барсында педагогикалық білімді қалыптастыру халықтың бай мұрасының мазмұнын аша отырып, онымен тығыз байланыста педагогикалық категорияларды зерттеуді ұйымдастыру негізінде қамтамасыз етілуі керек;

– іс-әрекеттің эмоционалды-ерік құралдарын қалыптастыруда халықтың педагогика қайраткерлерінің ұстанымдары мен педагогикалық көзқарастары, халық даналығын талдауға сүйенген жөн. Оның ішінде мәдениет пен ана тілінде сөйлей білу тәсілінің рөліне көбірек көңіл бөлу қажет, мұның өзі іс-әрекеттің байыптылығы мен айқындылығының дамуына себепкер болады.

Қорытындылай келе, курсанттардың бойында патриотизмді қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе, онда курсанттармен жүргізілетін жұмыс жаңа қарқын алатынына сенім білдіреміз.

- ¹ Тайжан А.Т. Қазақ бомлысы. Жоғары оқу орындары курсанттарының гуманитарлық және этномәдениет білімдерін тереңдету мақсатында даярланған арнаулы курс бағдарламасы. — Ақтөбе, 2001. — 28 б.
- ² Алтаев Ж., Қасабеков А., Ғабитов Т. Философия және мәдениеттану. Оқу құралы. — Алматы: Жеті жарғы, 1998. — 272 б.
- ³ Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. / Пер.с нем. — М.: Педагогика, 1985. — Т. 1. — 408 с.; Т. 2- 392 б.
- ⁴ Бектуров А. Идеология патриотизма. — М., 1999. — С. 12–14.
- ⁵ Байжанова З.Т. Патриотическое воспитание при организации учебной деятельности студентов // Республиканская научно-практическая конференция «Патриотизм: история, опыт, перспективы». — Астана, 2001. — С. 296–302.

Е.М. Махметов,

*арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы,
полиция капитаны*

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ІІО қызметкерлерінің төтенше жағдай кезінде қоғамдық тәртіпті сақтау тактикасы

Қоғамдық тәртіп бұзушылық қоғамға қауіпті, төтенше жағдай кезінде экстремалдық жағдай туғызады.

Қоғамға келтіретін зардаққа байланысты қауіптілігі қоғамға бағытталады. Қоғамдық тәртіп бұзушылық айналыны бұзады, от қояды, қызметтік және әкімшілік мекемелерге шабуыл жасап, дүкендерді бүлдіреді және адамдардың денсаулығы мен өміріне үлкен қауіп тудырады.

Қоғамда жаппай тәртіп бұзушылық келесі жағдайлардың салдарынан болуы мүмкін:

– саяси-экономикалық жағдайларға байланысты — айлықтың, зейнетақының уақытында берілмеуі, еңбекке жарамды халық арасындағы жұмыссыздық, тұрғын үйлердің қымбаттауы, мемлекет тарапынан әлеуметтік мәселелерге жеткілікті көңіл аударылмауы;

– ұлт және діни ағымдарының арасындағы келіспеушіліктің салдарынан;

– спорттық ойындарда екі жақты жанкүйерлердің арасындағы қайшылықтар және үлкен концерттерде көрермендердің арасындағы тәртіптің жоқтығы;

– құқық қорғау органының жұмысындағы олқылықтарға байланысты.

Бұл себептер бір-бірімен байланысты мысалы, Әзірбайжандағы және Ферғанадағы оқиға ұлттық және экономикалық түрде болды¹.

Жаппай тәртіпсіздіктің болуы себебінің тағы бір белгісі: өндірістердің апатқа ұшырауы, жұмыскерлердің арасындағы өлімнің көбеюі, стипендия және айлық беруде үлкен кідірістің болуы, ұлттардың арасындағы қарама-қайшылығы, жастардың арасындағы қақтығыс, полиция қызметкерлерінің ойланбай жасаған іс-қимылы, азаматтарды ұстау кезінде қаруларды заңсыз қолдануы, мемлекеттік органдардың дұрыс емес іс-әрекеті, провокациялық әңгімелердің таралуы.

Жаппай тәртіпсіздік өзінен-өзі пайда болмайды. Олар үкіметтің және лауазымды тұлғалардың идеологиялық жұмыстарын жеткіліксіз орындамауына және жетіспеушілігіне байланысты пайда болады.

Жаппай тәртіпсіздікті бастау үшін аудандарда және қалаларда бір себеп керек.

Ұлтарлық қақтығыстар арнайы күштер мен құралдарды ерекше қамтамасыздандыруды талап етеді. Олар алдын ала күш, қару, бір объектіге шабуылды дайындайды. Бұл қақтығыстар бүкіл аудандағы аймақты қамтиды. Бұл тәртіп бұзушылық кезінде құқық қорғау күштеріне қарсы тұру күші жүргізіледі. Бұзақы топ кейде қару қолданады. Мұнда шабуыл бастаушы мүшелерді ұстау, қамау әрекеті жүргізіледі.

Бұл қоғамдық тәртіп бұзушылық топ құрудан басталады. Одан кейін оның мүшелері бір ұйымға жиналып, осыдан бастап тәртіп бұзушылық басталады. Осы кезде топ тез көбейеді. Оның саны 100 ден 10000 адамға жетуі мүмкін².

Оларды шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

1. Ұйымдастырушы. Бұл топтың қауіпті бөлігі болып табылады. Соның ішінде үйретілген топтың экстремистары. Олар құқық қорғау күшіне қарсы тұратын бөлігі.

2. Қатысушылар (орындаушылар) саны бойынша бұзақылықтың ең үлкен бөлігін атқарады. Бұл топта көбінесе жасөспірімдер, жұмыссыздар, оқымайтын жастар және сотталған адамдар қатысады.

3. Қызығушылар не болып жатқанын қызығушылықпен қарайтындар. Олар көбінесе мән-жайды түсінгеннен кейін өз еріктерімен тарап кетеді.

ПО жұмысындағы олқылықтар:

– болып жатқан жерден нақты мәліметтер алынбаған, соның салдарынан тәртіп бұзушылар туралы дұрыс сараптама жасалмау;

– ПО басшыларының оқиғаның бас кезінде өздерінің қызметтік міндеттерін кәсіби деңгейде орындай алмауы;

– ПО жедел әрекет бөліністерінің оқиға болып жатқан жерге әскери дайындығы нашар болғандықтан, баяу қозғалып қажетті жұмыстарды уақытында орындамауы;

– жедел штабтың жылдам және дұрыс ұйымдаспауы.

Бұл жерде ІӘ және ПО әрі дұрыс бірыңғай шешімге келуі негізгі мәселе болып табылады. Төтенше жағдай кезінде жедел штабтар барлық ПМ, облыстық ПД, жол полициясы бөлімінде, қалалық, аудандық бөлімдерінде құрылады. Олардың құрамына ПМ, облыстық ПД бастығы, Жол полициясы басқармасының бастығы. Ал бастықтардың орынбасарлары жедел штабтың бастығының орынбасары ретінде қатысады. ПБ бастықтары штаб мүшелері болады. Штаб құрамына ҰҚК өкілі қатысады³.

Жедел штабтың негізгі жұмысы:

– жеке құрамның «дабыл» кезіндегі дайындығы, күштер мен құралдардың дайындығының жоғары деңгейі;

– қоғамдық тәртіпті қорғаудың негізгі жоспарлы мақсаты жиналыс, митинг, сонымен қатар төтенше жағдай кезіндегі ПО іс-қимылдың дұрыс орындалуы;

– жаппай тәртіпсіздік кезіндегі жеке құрамның қоғамдық тәртіпті сақтауы, сонымен қатар арнайы операциялардың орындалуы болып табылады.

Бұл жерде назар аударатын нәрсе ПО қызметкерлерінің бұл жағдайдағы азаматтармен психологиялық қарым-қатынасының дайын болуы. Арнайы операция кезіндегі күштердің және қарулардың дайын болуы.

Төтенше жағдай кезінде жедел штабтың жетекшісі әскер бөлімінің командирімен бірге шешім қабылдайды. Жалпы топтың қоғамдық тәртіп қай жерде бұзғанын бақылау. Сол жерге керекті күш және құралдарды шоғырландыру.

Жалпы топтың қоғамдық тәртіпті бұзуы кезінде ПО, сонымен қатар қалалық ПБ және сол сияқты басқармалар бірлесіп жұмыс атқарады. Мұндағы жоспарды ҰҚК және прокуратура, жергілікті әкімшілік басшылары және жедел штаб басшылары атқарады.

Жоспар картада қысқа, нақты түрде жобаланады. 1 жылда 2 рет жеке құраммен тәжірибелік оқу-жаттығу сабақтары жүргізіледі.

Елді мекенде жаппай тәртіпсіздіктің жолын кесу жөніндегі іс-әрекеттерге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі істер органдары мен ішкі әскерлері бөліністерінің әзірлігін қамтамасыз ету бұйрығымен бекітілген. Бұл бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы ПМ Әкімшілік комитетінің төрағасына жүктелген.

Елді мекенде жаппай тәртіпсіздік орын алғанда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қалалар мен тұрғылықты мекендерде ПО қимылдарын, орталық атқару органдарының жұмыстарын үйлестіретін ПМ жедел штабы құрылады.

Жедел штаб Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне бағынышты және жаппай тәртіпсіздікті абасуда арнайы операцияның табысты өткізілуіне оның алдында жауапты⁴.

¹ https://interactive-plus.ru/article/discussion_platform

² <https://schollufsin.ru/kk/alimenty/massovye-besporjadki-ih-sushchnost-i-harakter-proyavleniya-socialnye/>

³ <https://kazaknews.kz/kogam/a-tar-o-i-asy-k-shtik-rylymdar-reketine-bajlanysty-178-is-tergelip-zhatyt/>

⁴ https://interactive-plus.ru/article/discussion_platform

Қ. Монай,
ҒЗИ Қазақстан Республикасы ІІО тарихын зерттеу орталығының
аға ғылыми қызметкері, г.ғ.м., полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

Ішкі істер органдарының қалыптасу және даму тарихы (1960–1980 жж.)

Ішкі істер органдарының тарихын зерттеу бүгінгі таңда үлкен қажеттілік тудырып отыр. Себебі мұрағат құжаттарын зерттеу арқылы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының қалыптасуы мен дамуы әлі де толық зерттелмегенін байқауға болады. Мақаламыздың мақсаты ішкі істер органдарында ауқымды өзгерістер мен дамуы болған 1960–1980 жж. аралығындағы тарихи оқиғаларды зерттеу болып табылады.

1960 жылы 13 қаңтарда КСРО Министрлер кеңесінің төрағасы Н.С. Хрущев КСРО Министрлер Кеңесінің № 48 қаулысына қол қойды, онда былай жазылған: «КСРО Министрлер кеңесі мынадай қаулы шығарады: міндеттерін одақтас республикалардың Ішкі істер министрліктеріне бере отырып, КСРО Ішкі істер министрлігін жою мақсатты деп танылсын. Осы мәселе бойынша Жарлықтың жобасын КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына ұсыну»¹.

1960 жылы 7 мамырда КСРО Ішкі істер министрлігін жою туралы заң қабылданды; оның міндеттері одақтас республикалардың Ішкі істер министрліктеріне берілді².

1963 жылы Қазақстан милициясын, ең алдымен оның қалалық және аудандық аппараттарын жақтау қоғамдық ұйымдардың жиналыстарында ұсынылатын қоғамдық ұйымдарды талқылай отырып, еңбек ұжымдарының бағыттары бойынша жүзеге асырыла бастады. 1964 жылы еңбек ұжымдарының ұсыныстары бойынша полицияға 300 жуық адам қабылданды. Қоғамда кадрларды жинаудың мұндай тәртібін енгізу еңбек ұжымдарының рөлінің өсу үдерісінің көрінісі болды.

Осылайша, 50-жылдардың соңы мен 60-жылдардың басында ел мен республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуы ұйымдық құрылымды одан әрі жетілдіру, бүкіл елді құқықтық реттеу қажеттілігін туғызды. Республиканың мемлекеттік органдарының, сондай-ақ КСРО ІІМ-нің көмегімен Қазақстан милициясы өз қатарын нығайтты, олардың кәсіби деңгейін көтерді. Полиция қызметкерлері қылмысқа қарсы күрес бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді орындап, қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ете отырып, маңызды ұлттық экономикалық міндеттерді шешуге лайықты үлес қосты.

1968 жылғы 25 қарашада КСРО Жоғарғы кеңесінің Президиумы «КСРО қоғамдық тәртіпті сақтау министрлігін КСРО Ішкі істер министрлігі етіп өзгерту туралы» Жарлық қабылдады.

13 желтоқсанда КСРО Жоғарғы кеңесі бұл шешімді мақұлдады. Осындай шешімдер КСРО-ның одақтық және автономиялы республикаларында да қабылданды. Атын ресми түрде ауыстырумен қатар, милиция қайта құрылды, саяси органдар құрылды, әскери қорғаныстың әртүрлі түрлері ІІМ әскерлеріне біріктірілді. Бұл шаралар министрліктің жаңа құрылымы жарияланып, ішкі әскерлерді қайта құру 1969 жылдың ақпанында аяқталғанға дейін созылды.

60-жылдардың екінші жартысында Кеңес үкіметі құқық қорғау саласында қоғамдық тәртіпті қорғау органдарының қызметіне және заңдылықты нығайтуға оң әсер еткен бірқатар қаулылар қабылдады. Олардың ішінде КОКП ОК мен КСРО Министрлер кеңесінің 1966 жылғы 23 шілдедегі «Қылмысқа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралар туралы» және 1968 жылғы 19 қарашадағы «Кеңестік милицияны одан әрі нығайту жөніндегі шаралар туралы» қаулысын ерекше атап өткен жөн.

Бұл қаулылар мен қоғамға қарсы көріністерге қарсы күресті күшейту, қоғамдық тәртіпті қорғау органдарының беделін арттыру және жұмысын жетілдіру жөніндегі басқа да іс-шаралар құқық қорғау қызметіне мемлекеттік басшылықты жақсартуға ықпал етті.

Қаулыларда ішкі істер органдарының басшылары мен алқаларына ғана емес, қоғамдық ұйымдарға да жоғары талаптар қойылды. Бұл талаптар, ең алдымен, кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша жұмысты жақсартуға, қызметкерлер арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейтуге қатысты болды. Қаулыларда қоғамға қарсы көріністерге қарсы күрес тек полиция органдарының ғана емес, басқа ұйымдардың да міндеті екендігі көрсетілген.

1966–1979 жылдары қабылданған партия мен Үкіметтің кеңестік милицияны нығайту туралы шешімдері ішкі істер органдарын реформалаудың бастамасы болды. Жоғарыда аталған қаулылардың негізінде милицияның құрылымы мен қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралардың кең жүйесі әзірленді.

1965 жылы КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер кеңесінің қызметкерлері арасында саяси-тәрбие жұмысын жақсартуға қамқорлық көрсете отырып ішкі істер органдарына саяси-тәрбие жұмысының аппараттарын енгізу қажет деп шешті.

1968 жылы КСРО ПМ-де Ұйымдастыру-инспекторлық бөлім құрылды. Оның міндеттері: барлық қызметтердің қызметін үйлестіру, оң тәжірибені зерделеу және тарату, қылмысты ғылыми талдау және болжау, қылмыстардың алдын алу және уақтылы ашу, қоғамдық тәртіпті нығайту бойынша милиция жұмысын жақсарту бойынша қажетті ұсынымдар әзірлеу³.

Ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістер осы кезеңде және Қазақстанның ішкі істер органдарында орын алды. Мәселен, 1965 жылы Қазақстанның ЖҚББ-да жаңа бөлімдер құрылды: саяси-тәрбие жұмысы, техникалық, орталық техникалық ақпарат бюросы, мамандандырылған шаруашылық есеп жобалау-конструкторлық бюро және т. б.

ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1965 жылғы 31 желтоқсандағы Жарлығымен 45 жаңа аудандық полиция бөлімі ұйымдастырылды. Барлығы 215 болды.

1968 жылдың желтоқсан айының соңында Мәскеуде ішкі істер органдарының басшы қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі өтті. Онда милицияның бас басқармасын қайта құру және оның орнына дербес басқарма құру туралы мәселе шешілді: қылмыстық іздестіру, мемлекеттік автоинспекция, әкімшілік. Қазақстанда басқа республикалар сияқты алғашқы үш басқарма бұрыннан бар бөлімдер негізінде құрылды.

Әкімшілік қызмет басқармасы жаңа бөлім ретінде ұйымдастырылды. Оның құрамына: қызмет бөлімі, төлқұжат бөлімі, виза және тіркеу бөлімі кірді. Басқарма құрылған кезде оның қызметкерлерінің 89 % жоғары және аяқталмаған жоғары білімге ие болды. Ішкі істер органдарының қызметіндегі басты бағыт құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту болып табылатындығына сүйене отырып, Қазақстан ПМ 1969 жылы республиканың ірі қалалары мен аудандарында арнайы профилактикалық топтар құру туралы шешім қабылдады. 1970 жылы олар 10 қалалық және 65 аудандық ішкі істер органдарында болды⁴.

Қарастырылып отырған кезеңдегі ұйымдастырушылық және құрылымдық өзгерістер ішкі істер органдарының барлық дерлік бөлімшелерінде болды.

Мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, ішкі істер органдарының үлкен жұмысының нәтижесінде 1968 жылы республикада қылмыстық жазаланатын қылмыс 1967 жылмен салыстырғанда 8%-ға қысқарды, көшедегі қылмыстар саны айтарлықтай азайды. Алайда тұрмыстық қылмыстардың саны өзгеріссіз қалды. Сондықтан 1969–1970 жылдары құқық бұзушылықтың бұл түріне ерекше назар аударылды.

Ішкі істер министрлігі арнайы баяндама жазбахат дайындады. Онда осы бағыттағы профилактикалық жұмыстарды жандандыру бойынша нақты шаралар ұсынылды. Бірінші кезекте учаскелік инспекторлардың жұмысын жақсарту, қоғаммен байланысты нығайту (үй комитеттері, жолдастық соттар және т. б.) ұсынылды.

70-жылдардың басында нормативтік база айтарлықтай жаңартылды. КСРО Министрлер кеңесінің 1972 жылғы 16 маусымдағы № 452 қаулысымен КСРО Ішкі істер министрлігі туралы ереже, КСРО Министрлер кеңесінің 1973 жылғы 8 маусымдағы № 385 қаулысы бекітілді — Кеңестік милиция туралы ереже 1991 жылға дейін қолданылды.

¹ КСРО ПМ 1954 ж. наурыз — 1960 ж. Мұрағатталған 8 мамырдың 2017 жылы.

² КСРО Ішкі істер министрлігін жою туралы: КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1960 жылғы 13 қаңтардағы Жарлығы. // Ведомости Верховного Совета СССР 1960 г. № 3.

³ Атишев А.А. Создание и деятельность Советской милиции в Казахстане. — 1974.

⁴ Из истории аппарата предварительного следствия органов внутренних дел Казахстана. — Алма-Ата, 1988.

А. Мұратұлы,

*Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің магистранты,
полиция аға лейтенанты*

(Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

Ішкі істер органдарының бұқаралық іс-шарадағы әкімшілік құқықтық механизмі және іс-әрекеті

Құқық қорғау органдары құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық механизмінде шешуші орын болып табылады, олардың ерекше рөлі азаматтардың өміріне, денсау-

лығына, құқықтары мен бостандықтарына тікелей қауіп төнген кезде төтенше сипаттағы жағдайларда (террористік актілер, авариялар, апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер) құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, сондай-ақ құқық қорғау органдарына құзыретті және уақтылы қажеттілік туындаған жағдайда азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауына бағытталған.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық механизмінде ішкі істер органдарына және ПМ — полицияның бірыңғай орталықтандырылған жүйесінің негізгі құрамдас бөлігіне ерекше орын берілген, ол белгілі бір нысандар мен әдістер арқылы конституциялық құқықтық тәртіпті, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ қызметтің әртүрлі өзара (әкімшілік, жедел-ізвестіру, анықтау) бағыттарын жүзеге асырады.

Сондықтан ПМ-нің құқық қорғау қызметінің субъектісі ретіндегі қызметі құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілерін түбегейлі зерттеу, полицияның құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі рөлін анықтау өте маңызды¹. Қазіргі жағдайда ПМ жүйесінің алдында құқық қорғау саласындағы ең күрделі міндеттер тұр, олардың шешілуіне көбінесе әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын іске асырудың, демократиялық қоғамды құрудың сәттілігі байланысты².

Полицияның құқық қорғау жүйесіндегі және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету механизміндегі жетекші орын құқық қорғау қызметінің айрықша салаларының болуына, функциялардың алуан түрлілігіне, өкілеттіктердің кең көлеміне, ұйымдық аумақтық құрылымына және белгілі бір имиджіне байланысты. Осының бәрі халықтың полицияға деген сенім дәрежесін және оны қоғамдық қолдауды анықтайды. Заң шығарушы Конституциялық нұсқауларды нақтылап, полицияның азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, қылмысқа қарсы тұруға, қоғамдық тәртіпті, меншікті қорғауға арналғанын анықтап, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Осылайша, полиция қызметінің құқықтық негізі «Құқық қорғау қызметі туралы», «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» заңдары және өзге де нормативтік құқықтық актілер болып табылады³.

Құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы ПМ өкілеттіктеріне қылмыстың жай-күйін талдау және болжау, қоғамдық тәртіпті қорғау, ішкі істер саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету негізінде қалыптастыру, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу және құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады. Құқықтық тәртіпті тиімді қамтамасыз етудің маңызды шарты — барлық құқық қорғау органдарының үйлесімді және үйлестірілген жұмысын жүргізу, сондай-ақ басқа да қоғамдық билік органдарымен үйлесімді және өзара іс-қимылы қажет.

Ішкі істер органдарының құқық тәртібін қамтамасыз ету саласындағы және басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылының негізгі бағыттарына мыналар жатады: қылмыстық іс-әрекеттің динамикасын бірлесіп талдау, оның одан арғы үрдістерін болжау, қылмыстық іс-әрекеттерді анықтау, ашу, тергеп-тексеру, алдын алу жөніндегі практикалық қызметті қарау, қылмысқа қарсы күрес жөніндегі бірлескен жұмыс жүргізу, құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылының және үйлестіру қызметінің алдыңғы оң тәжірибесін пайдалану, қылмысқа қарсы күрес жөніндегі халықаралық практиканы зерделеу және осы салада жаңа ұсыныстар әзірлеу, қылмысқа қарсы күреске бағытталған заңдарды қолдану практикасын қарау, жаңа ұсыныстар енгізу, құқықтық реттеу саласында жаңа шешімдер іздеу, қажетті жағдайларда қылмыстық қызметке, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарына қарсы күрес мәселелері бойынша материалдарды дайындау және жіберу жұмыстары болып табылады.

Ішкі істер органдары мен басқа да құқық қорғау органдарының құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылының көрсетілген бағыттары процестік және ұйымдастырушылық-тактикалық нысандарда жүзеге асырылады. Бұндай өзара іс-қимылдың негізгі іс жүргізу нысандарының қатарына мыналарды қосуға болады: бірлескен тергеу топтарын құру; жедел-ізвестіру іс-шараларын жүргізу (сауалнамалар, анықтамалар беру, қадағалау, тексеру сатып алу, жедел енгізу); қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдану (жәбірленушілерді, куәгерлерді қорғау).

Іс жүзінде полицияның басқа күш құрылымдарымен өзара іс-қимылының бұндай формалары біркелкі қолданылмайды. Негізгі ақпарат алмасу, бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылады. Бірлескен жедел-тергеу топтары аз құрылады, көп жағдайда бірлескен нұсқаулар мен нұсқаулықтар шығаруымен тоқталып, біліктілікті арттыру курстарын өткізуімен шектеледі⁴.

Ғылым мен практика өзара іс-қимылдың іргелі қағидаттарын әзірлеп, оларды іске асыру аумақтық ішкі істер органдарының аумақтық атқарушы билік органдарымен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық құрылымдармен сындарлы ынтымақтастығын құруға мүмкіндік

береді, ортақ мүдделерге қол жеткізу үшін олардың күш-жігерін біріктіру және келісу, туындайтын қайшылықтарды ойдағыдай еңсеру болып табылады.

Мұндай қағидаттар ішкі өзара іс-қимыл (күштер мен құралдарды кешенді және мақсатты пайдалану; қатысушылардың келісімділігі мен құзыреттілігі) қағидаттарына бөлінеді (сабақтастық және дербес жауапкершілік), сондай-ақ сыртқы өзара іс-қимыл қағидаттары жатады (заңдылық оң нәтижеге қол жеткізуге бағытталу, құзыреттілік)⁵.

Сайлау мен референдумды ұйымдастыру және өткізу кезінде полиция құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің әртүрлі құқықтық нысандарын қолданады: сайлау учаскелерінде құқықтық тәртіпті қорғау, сайлау құжаттарын тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бақылау-тексеру қызметтерінің құрамында жұмыс істеуге полиция мамандары мен сарапшыларын тарту, құқық бұзушылық жасағаны үшін сайлау процесіне қатысушыларды заңды жауапкершілікке тарту бойынша жұмыстарын жүргізеді.

Аумақтық ішкі істер органдары мен сайлау комиссиялары арасындағы өзара іс-қимылдың мынадай негізгі ұйымдық-құқықтық нысандары болады: сайлауды дайындауға және өткізуге байланысты ішкі істер органдары басшыларының ақпаратын тыңдау және бірлесіп талқылау; сайлау құжаттарын қабылдау және тексеру жөніндегі жұмыс топтарының құрамындағы ынтымақтастық бойынша жұмыстар.

Демек, полицияның қоғамдық манифесттер мен сайлау науқандарын өткізу кезінде қоғамдық биліктің атқарушы органдарымен және сайлау комиссияларымен келісілген қызметі мен сындарлы ынтымақтастығы тиісінше конституциялық құқықтық тәртіпті нығайтуға және полицияның құқық қорғау функциясын тиімді іске асыруына ықпал етеді. Полицияның құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету механизміндегі қызметі басқа құқық қорғау органдарымен, қоғамдық билік органдарымен және қоғамдық құрылымдармен сапалы ұйымдастырылған жағдайда өзара іс-қимыл кезінде нәтижелі болады.

Осылайша, Қазақстан полициясы құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық механизмінде негізгі құқық қорғау міндеттерінің бірі — құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты рөл атқарады, сондай-ақ құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің басқа субъектілерімен өзара іс-қимылының тиімділігі мен үйлесімділігі көбінесе конституциялық құқықтық тәртіптің сапалық жағдайын және оны жалпы мемлекеттік органдармен қамтамасыз етудің тиімділігі болып табылады.

¹ Виссаров А.В. Құқықтық тәртіп және оны қамтамасыз ету субъектілері (теориялық-құқықтық аспект): Дис. ... заң ғылым. канд. — Мәскеу, 2003. — 17–18 б.

² ПМ полициясының құқықтық жағдайы: Оқулық / Ред. Васильев Ф.П. — М., 2014. — 258-268 б.

³ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңы //

⁴ Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңы //

⁵ Concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan up to 2030

Ү.А. Nabyeva,

*Doctoral student of the Faculty of Postgraduate Studies, Master of Law, , police major
(Karaganda academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan
named after B. Beysenov)*

On the issue of public confidence as an indicator of effective communication between the police and society

Dialog between the police and the society is one of the most important targets of public policy of the Republic of Kazakhstan. Concernment of parties influences the prosperity of our country, social security of citizens, economical development and the authority of Kazakhstan in world arena.

According to true ideas of Head of the state Kassym-Zhomart Tokayev, «New fair Kazakhstan shall not have a trace of police brutality, incompetent prosecutors and prejudiced judges. The society is waiting for real changes of law enforcement and court systems»¹.

At that, it appears that one of the key indicators of constructive dialog between the police and the society, concordance with expectations of parties, is population confidence in police on one hand and «zero tolerance» of people towards criminal on another hand.

Let us examine one of indicators — population confidence. If we address to the meaning of «confidence» category, we shall emphasize that this concept is studied from different viewpoints.

Thus, there are social, sociological and other approaches to its formulation. In context of this scientific research, we suggest to interpret «population confidence» as the relation of all the society to its separate social group – police, conditioned with necessity to define the optimal formula of communication to reach the socially important goals²;

We shall emphasize that «confidence» and its antipode «nonconfidence» is based upon several factors: 1) personal communicative experience with police officers; 2) in the result of generalization of indirect information on police officers, including the «stories» of ambience, positioning in mass media, stereotype thinking.

According to Ministry of Internal affairs of the Republic of Kazakhstan «In Global Peace Index 2022, Kazakhstan is among countries with medium level of security – 97th place in the rating. We shall emphasize that in 2017–2019, the position in rating was in the range between 64th and 72nd, which complied with countries with high level of security³.

According to Bureau of national statistics of Agency of strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan, social studies on the level of population confidence in police in 2022, the confidence in police amounted 74,6 % (where 36,4 % are for full confidence and 39 % – for partial).

As well, law enforcement authority emphasizes that «In recent five years, international level shows the improvement of indicators of Rule of law index, which defines the efficiency of police performance subject to the following factors «Public order and safety», and «Criminal system»³.

In context of this article, population confidence acts as indicator of effective communication with the society, that is why we shall emphasize that this category includes «communication where the message sender uses adequate means of coding and transfer of the idea, and recipient demonstrates the understanding of the idea, keeping the communicative balance»⁴.

Let us emphasize the aspects influencing the efficiency of the dialog between the police and the society:

- legitimacy; (communication within the frameworks of the legislation of the Republic of Kazakhstan);
- openness; (as possible, according to official activities);
- competence; (police officers shall have all the necessary skills and knowledge at communication with population);
- responsiveness/promptitude;
- sufficiency; (the applicant shall get all the possible information, which is not a secret one, relating to his issue; his rights and obligations shall be explained as well. At that, officer shall learn the information in full extent)

– presence of feedback (about the contentment with level of services/aid rendering).

Alongside with that, on frequent occasions, at dialog between the police and the society, there appear definite barriers preventing the effective communication. They are:

- lack of officers' competence;
- low level of civic position отдельных граждан;
- double-natured position at examining the issues;
- countersuggestion, (ability to resist somebody's thoughts, opinion, ideas) in this case expressed in the position of separate citizens to express the distrust towards officer with small experience, title, position.

Thus we see that population confidence in police in context of communicative part, is composed on the basis of number of factors. As for us, key factors are officers' professionalism and competence.

This conclusion is also confirmed with the Concept of law policy up to 2030, in particular, that «Level of population confidence will remain the permanent key efficiency criteria for performance of law enforcement bodies and their officers. For constant, permanent improvement of this criteria, it is necessary to continue the transformation of their activity shifting the emphasis from the fight against consequences and achievements of corporate indices to the prevention of crimes, including that by career promotion of officers, trusted and respected by population»⁵.

In terms of police reform, ideology change in favor of human-oriented behavior, it is extremely important to communicate with society efficiently, listen to and hear the needs of population, share their pains and fears. This is possible at increase of officers' professional competence level, development of their emotional intellect, communicative skills, analytical abilities, critical thinking and other knowledge.

The following factor influencing the effective communication between the police and the society, is the presence of feedback. First, this is necessary for chiefs of law enforcement bodies. Feedback gives the opportunity to manage the impression, prevent the negative reaction on possible events at service of police officers, and unconditionally promote the efficient dialogue.

One more factor promoting effective communication of the police, increase of population confidence, is the adoption of KPI system for officers, directly communicating with the population.

Thus, increase of confidence level and, consequently, effective communication between the police and the society is possible in the following terms: systematic qualification improvement of police officers, organization of efficient system of feedback at communication with population, adoption of KPI system in the sphere of communication, and development of larger amount of digital solutions for dialogue with population.

Summing up what has been said, we consider it expedient:

- to research the possibility of creating a separate special course on the mechanisms of increasing public confidence in the police, as well as the development of flexible communication skills, on the basis of departmental universities that provide training in educational programs for advanced training courses;
- when evaluating the effectiveness of police activities in terms of communication with the population, take into account the indicator of public confidence.

¹ Speech of the Head of the state Kassym-Zhomart Tokayev to the people of Kazakhstan June 2022.

² A.P. Titarenko. Population confidence in the police as a factor promoting the individual prevention work with citizens: Gazette of Tomsk state university. — 2015. — No 393. P. 167–170.

³ Project of CONCEPT for public safety in collaboration with the society for 2024–2028.

⁴ Ye.Yu. Goncharuk. Analysis of communication subject to the level of its efficiency: Gazette of Chelyabinsk state university / Philology. Art history. — Edition 93. — 2014. — No. 26 (355). — P. 30–33.

⁵ Concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan up to 2030.

Садырбеков А.Ж.,

*преподаватель кафедры тактико-специальной подготовки,
магистр юридических наук, майор полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова)*

Перспективные методики тактико-специальной подготовки

В настоящее время перед сотрудниками ОВД встают всё более трудные задачи, которые приходится выполнять в ситуациях достаточно экстремальных, приближенных к военным условиям. Поэтому вопросы качественной профессиональной подготовки приобретают сегодня особое значение.

